  6. Ішінара қамтамасыз етумен нарықтық тәуекелдерді жабу мақсатында клирингілік қатысушы:
    - 1) биржалық нарықтар үшін Ережелердің 3, 4, 5 тарауларында белгіленген биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес ішінара қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды орындауға;
    - 2) Клирингілік қатысушылар туралы ережелерде белгіленген мөлшерде тиісті биржалық нарықтың кепілдік қорларына кепілдік жарналардың болуын қамтамасыз етуге міндетті.
  7. Кредиттік тәуекелді жабу мақсатында клирингілік қатысушы толық қамтумен толық қамту шарттарында қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды орындауға міндетті.
  8. Клиринг орталығының Ережелердің 3, 4 тарауларында белгіленген қор нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, қор және валюта нарықтарында кез келген қаржы құралына қатысты "қысқа сатуларға тыйым салу" белгісін белгілеуге және (немесе) Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитеттің



шешіміне сәйкес клирингілік қатысушылардың барлық сауда-клирингілік шоттарынан кез келген уақытта жасалатын мәмілелер үшін кез келген валютаға қатысты "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салу" белгісін белгілеуге құқығы бар.

9. Клиринг орталығының Ережелердің 3, 4 тарауларында белгіленген қор және валюта нарықтарының ерекшеліктерін ескере отырып, қор және валюта нарықтарында ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер үшін сауда-клирингілік шоты бойынша кез келген қаржы құралы бойынша бірыңғай шектелімнің минималды рұқсат етілген мәніне, нетто-позициялардың мәніне шектеу қоюға құқығы бар.
10. Клиринг орталығының деривативтер нарығында клирингілік және сауда-клирингілік шоттар бойынша сауда шектелімін өзгертуге/белгілеуге құқығы бар.

### 13 бап.

#### Ішінара қамтамасыз ету

1. Ішінара қамтамасыз етумен клирингілік қатысушы ОК-мен жасалған, бірақ есептелмеген мәмілелер, сондай-ақ:
  - 1) қор нарығында Ережелердің 3 тарауында белгіленген қор нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген, ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасалатын сауда-клирингілік шот бойынша бірыңғай шектелімнің мәні теріс болмаған мөлшерде;
  - 2) валюта нарығында ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасалатын сауда-клирингілік шоты бойынша Ережелердің 4 тарауында белгіленген валюта нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген бірыңғай шектелімнің мәні теріс болмаған мөлшерде;
  - 3) деривативтер нарығында Ережелердің 5 тарауында белгіленген деривативтер нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген кепілдікті қамтамасыз ету мөлшерінде ішінара қамтамасыз ету шарттарымен ОК-мен мәмілелер жасауға берілген өтінімдер бойынша қамтамасыз етуді қалыптастыруға міндетті.
2. Белгілі бір биржалық нарықта ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын қаржы құралдарының тізбесі ҚҚ қосу тәртібіне сәйкес белгіленетін Т+ қамтамасыз ету тізімімен анықталады.
3. Ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуді құрайтын қаржы құралдарын қайта бағалау кемінде әрбір есеп айырысу күні жүзеге асырылады.
4. Жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ сауда-саттық клирингілік жүйеге берілген өтінімдер бойынша деривативтер нарығына клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері құнының өзгеруін жабу үшін кепілді қамтамасыз етуді есептеу тәртібі Ережелерде белгіленген деривативтер нарығының ерекшеліктері ескеріле отырып анықталады.
5. Қор және валюта нарықтарында ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау үшін пайдаланылатын бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі қор және валюта нарықтарының ерекшеліктері ескеріле отырып анықталады.

### 14 бап.

#### Клирингілік қорлар

1. Белгілі бір биржалық нарықтағы клирингілік қор қорлардың мынадай түрлерінен тұрады:
  - 1) клирингілік кепілдік қоры (бұдан әрі – кепілдік қоры);

- 2) клирингілік сақтық қор (бұдан әрі – сақтық қор);
  - 3) мүліктік пул.
2. Кепілдік қоры клирингілік қатысушылар Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есептейтін кепілдік жарналар есебінен қалыптастырылады.
- Сақтық қор Клиринг орталығының өз қаражаты есебінен Ережелерде анықталған тәртіппен ұлттық валютада қалыптастырылады.
- Мүліктік пул пулға қатысушылар пулға қатысушының Орталық депозитарийдегі "GCGlobal" бөліміне енгізетін бағалы қағаздар және/немесе ақша, оның ішінде клирингілік қатысушылар Орталық депозитарийдегі Клиринг орталығының корреспонденттік шотына КҚС Нұсқаулығында белгіленген тәртіппен есептейтін шетел валютасындағы ақша есебінен қалыптастырылады.
3. Белгілі бір биржалық нарықта сауда-саттықтың белгілі бір тәртіптерінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін пайдаланылатын жекелеген кепілдік қорлары құрылуы мүмкін.
  4. Белгілі бір биржалық нарықтың кепілдік және сақтық қорларының жиынтық мөлшері көрсетілген міндеттемелердің ең көп көлемі бар екі клирингілік қатысушы нетто-міндеттемелерді орындамаған жағдайда туындауы мүмкін осы биржалық нарық қаржы құралдарының есеп айырысу бағаларының өзгеруінен болатын ықтимал залалдарды жабатындай етіп есептеледі.
  5. Кепілдік және сақтық қорлардың мөлшерін және клирингілік кепілдік қорларға кепілдік жарналарды есептеу әдістемесі Клиринг орталығының "Клирингілік қорлардың мөлшерін анықтау әдістемесі" ішкі құжатында белгіленген.
  6. Клирингілік қорлар мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау жылына кемінде бір рет, сондай-ақ клирингілік қорлардың қаражатын дефолтты реттеу үшін пайдаланған жағдайда жүзеге асырылады.
  7. Сақтық қорлардың мөлшерін және кепілдік қорларға кепілдік жарналардың мөлшерін өзгерту туралы шешімді Клиринг орталығының "Клиринг қорларының мөлшерін анықтау әдістемесі" ішкі құжатына сәйкес клирингілік қорлары мөлшерінің жеткіліктілігін бағалау негізінде Клиринг орталығының Директорлар кеңесі қабылдайды.
  8. Әрбір биржалық нарық бойынша қалыптастырылған клирингілік қорлардың мөлшері туралы ақпарат Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.
  9. Сақтық қорлар осы сақтық қор қалыптастырылған белгілі бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелерді жабу үшін ғана пайдаланылады.
  10. Кепілдік қорларының қаражаты дефолтты реттеу шеңберінде биржалық нарықта жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерден басқа, Клиринг орталығының және/немесе оның клирингілік қатысушыларының қандай да бір өзге міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдаланылмайды.
  11. Клиринг қорларының қаражатын пайдалану тәртібі Ережелердің 24 бабында белгіленген.

**15 бап.**

**Клирингілік кепілдік қорларына кепілдік жарналарды енгізу және қайтару тәртібі**

1. Клирингілік кепілдік қорларына кепілдік жарналарды ішінара қамтамасыз етілген клирингілік қатысушылар енгізеді.

2. Клирингілік қатысушы Мүліктік пул келісім-шартына қосылған жағдайда клирингілік қатысушылар мүліктік пулға қаржы құралдарын енгізеді.
3. Кепілдік жарналардың мөлшері, кепілдік жарна белгілі бір кепілдік қорына енгізілетін валюта Клиринг орталығының "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" ішкі нормативтік құжатында белгіленген.
4. Мүліктік пулға енгізілетін қаржы құралдарын және олардың санын клирингілік қатысушы КҚС Нұсқаулығына сәйкес дербес анықтайды.
5. Белгілі бір кепілдік қорына төлеуге қажетті және/немесе оны қалпына келтіру үшін қажетті кепілдік жарнаның мөлшері туралы ақпарат клиринг қорлары бойынша талаптар мен міндеттемелер туралы күнделікті есепте көрсетіледі және Регламентке сәйкес клирингілік қатысушыға жіберіледі.
6. Ішінара қамтамасыз етумен клирингілік қатысушы сауда-саттық күні басталатын уақыттан кешіктірмей осындай клирингілік қатысушы ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасасуға ниет білдірген биржалық нарықтың кепілдік қорына кепілдік жарна енгізуге міндетті.
7. Ішінара қамтамасыз етілген клирингілік қатысушы осы қордың қаражатын Ережелердің 25 бабында анықталған мерзімде дефолтты реттеу үшін пайдаланған жағдайда оны қандай да бір клирингілік кепілдік қорына қалпына келтіру мақсатында кепілдік жарнаны енгізуге міндетті.
8. Клирингілік қатысушы кепілдік жарналарды Клиринг орталығының Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарына есептейді. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарының тізімі Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.
9. Клиринг орталығының корреспонденттік шотына клирингілік қатысушылардан кепілдік жарналар ретінде түсетін ақшаны бөлек ішкі есепке алу мақсатында клирингілік қатысушылар төлем құжаттарында төлем түрін білдіретін және кепілдік қоры қалыптастырылатын белгілі бір биржалық нарықты сәйкестендіретін арнайы кодтарды көрсетуге тиіс. Мұндай кодтардың тізімі Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.
10. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарнасын Ережелерге 2 қосымшаның нысаны бойынша жасалған өтініш негізінде мынадай жағдайларда (Ережелер бабының 12 тармағында белгіленген шарттарды ескере отырып):
  - 1) клирингілік қатысушының "ішінара қамтамасыз етумен" санаты "толық қамтумен" санатына өзгерген кезде;
  - 2) белгілі бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы мәртебесінен айырылған кезде;
  - 3) клирингілік қатысушы мәртебесінен өз еркімен бас тартқан жағдайда қайтарады.
11. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыға КҚС Нұсқаулығына сәйкес мүліктік пулға енгізілген қаржы құралдарын қайтарады.
12. Клиринг орталығы клирингілік қатысушының биржалық нарықта жасалған мәмілелер:
  - 1) есеп айырысу күні келмеген қаржы құралдарымен мәмілелер;
  - 2) есеп айырысу күні басталған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған кезде клирингілік қатысушыға оның кепілдік қорына кепілдік жарнасын қайтарады.
13. Клирингілік қатысушының мүшелігін тоқтата тұру, оны қаржы құралдарымен сауда-саттыққа жіберуді тоқтата тұру, клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата

тұру клирингілік қатысушыға оның кепілдік жарналарын қайтару үшін негіз болып табылмайды.

## 2 тарау. ДЕФОЛТТАРДЫ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

### 16 бап.

#### Клирингілік қатысушыны жосықсыз деп тану

1. Белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы мынадай жағдайлардың кез келгені басталған:
  - 1) клирингілік қатысушының есеп айырысу ұйымындағы шоттарында Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген есеп айырысу күні уақытына ОК-мен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерін орындау үшін қажетті қаржы құралдарының саны болмаған және/немесе нетто-міндеттемелерді орындау Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес өзге себептер бойынша жүзеге асырыла алмайтын (бұдан әрі – нетто міндеттемелер дефолты);
  - 2) Клиринг орталығының клирингілік кепілдік жарналарды Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес белгіленген мерзімде қосымша енгізу жөніндегі талабы орындалмаған (бұдан әрі – кепілдік жарна бойынша дефолт);
  - 3) Қағидаларға, Клиринг орталығының "Кіру жарналары, клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағида" ішкі құжатына және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік алымдарды, мүшелік жарналарды, айыппұлдарды/тұрақсыздық айыптарын және өзге де қолданылатын сомаларды төлемеген, уақтылы немесе толық төлемеген жағдайда Клиринг орталығы Басқармасының клирингілік қатысушыға тиісті биржалық нарықта клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы шешімі қабылдаған.
  - 4) клирингілік қатысушының есеп айырысу ұйымындағы шоттарында есеп айырысу жүргізу сәтінде ОК-сыз мәмілелер бойынша оның міндеттемелерін орындау үшін қаржы құралдарының қажетті саны болмаған (бұдан әрі – ОК-сыз мәмілелер бойынша дефолт) кезде Клиринг орталығы органдарының қандай да бір шешімдер қабылдауынсыз жосықсыз клирингілік қатысушы деп танылады.
2. Клирингілік қатысушыны жосықсыз деп тану мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:
  - 1) Клиринг орталығында Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 2) -7) тармақшаларына сәйкес клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану үшін негіз болып табылатын ақпарат болмаған;
  - 2) нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында клирингілік қатысушыда белгілі бір клирингілік шот бойынша күндер саны ақша бойынша нетто-міндеттемелердің дефолты қатарынан екі күннен аспайтын, бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде клирингілік қатысу сертификаты бойынша қатарынан 4 күннен аспайтын (ағымдағы күннің дефолтын қоса алғанда);
  - 3) Ережелерде анықталған белгілі бір биржалық нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес өзге де шарттар.
3. Клиринг орталығы Басқармасы оның ішінде клирингілік қатысушының белгілі бір клирингілік шоты бойынша клирингілік қатысушыда нетто-міндеттемелердің дефолты кезінде таяу уақытта жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерді орындаудың мүмкіндігін көрсететін ақпарат негізінде осы баптың 2 тармағының 2)

тармақшасына сәйкес нетто-міндеттемелердің дефолты туындауы мүмкін есеп айырысу күндерінің санын ұлғайту туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Клиринг орталығы Басқармасының осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдай басталған кезде клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің және/немесе Клиринг орталығының немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыспен;
  - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартта көзделген өз функцияларын Клиринг орталығының тиісінше орындамауымен;
  - 3) еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың іс-қимылдары мен шешімдер, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржа және/немесе Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың басталуына байланысты өзге де уақиғалардың туындауымен;
  - 4) мәміленің немесе своп/репо операциясының нысанасы болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс белгіленбеген параметрлерімен;
  - 5) клирингілік қатысушының ақылға қонымды бақылауының шегінен шығатын өзге де жағдайлармен және/немесе уақиғалармен байланысты тиісінше орындамағаны туралы растау болған кезде белгілі бір биржалық нарыққа клирингілік қатысушыны жосықсыз деп танымау туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

Клиринг орталығы Басқармасының осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген шешімі міндетті түрде көрсетілген шешімді орындау үшін Клиринг орталығы және/немесе Биржа қабылдауға тиіс шаралар және/немесе ұсынымдар тізбесін қамтуға тиіс. Бұл ретте Клиринг орталығы мұндай клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтын реттеу үшін Басқарма көрсетілген шешімді қабылдағанға дейін жүзеге асырған, Дефолтты реттеу жөніндегі клиринг орталығының ішкі құжаттарының нормаларына сәйкес келетін процедуралар заңды болып табылады және күшін жоюға болмайды.

Клиринг орталығы Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы Клиринг орталығының сыни маңызды өнім берушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық іркілістен туындаған жағдайда жауапты болмайды.

5. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес кез келген биржалық нарықта кепілдік жарна бойынша дефолтқа байланысты немесе осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес қор нарығындағы ОК-сыз мәмілелер бойынша дефолтқа байланысты клирингілік қатысушы жосықсыз деп танылған кезде клирингілік бөлімше Клиринг орталығы Басқармасының мүшелерін және тәуекелдерді басқару бөлімшесін клирингілік қатысушының дефолты туындаған жағдайы туралы олардың мекен-жайларына тиісті хабарламаны жіберу арқылы хабардар етеді.

6. Клирингілік қатысушы осы баптың 5 тармағына сәйкес жосықсыз деп танылған жағдайда Клиринг орталығының Басқармасы:
  - 1) Биржаға сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын клирингілік қатысушыны шеттету туралы ұсынымдар жіберуге немесе оның Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысын Клиринг орталығының "Клирингілік қатысушылар туралы ереже" ішкі құжатына сәйкес барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан шеттетуге не Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес жекелеген сауда-клирингілік шот бойынша өтінімдерді алып тастауға және беруді тоқтата тұруға;
  - 2) клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;
  - 3) клирингілік қатысушы санатын "ішінара қамтамасыз етумен" санатынан "толық қамтумен" санатына өзгертуге;
  - 4) Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес қор нарығына клирингілік қатысушының белгілі бір немесе барлық сауда-клирингілік шоттарына "қысқа сатуға тыйым салу" белгісін және/немесе "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салу" белгісін белгілеуге;
  - 5) Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес қор нарығының клирингілік қатысушысының белгілі бір сауда-клирингілік шоттарына кез келген қаржы құралы бойынша нетто-позициялардың оң мәніне бірыңғай шектелімнің рұқсат етілген минималды оң мәніне шектеу белгілеуге;
  - 6) клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тануға;
  - 7) клирингілік қатысушыға қатысты ешқандай әрекет жасамауға құқылы.
7. Клирингілік қатысушы осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес кез келген биржалық нарықтағы нетто-міндеттемелердің дефолтына байланысты жосықсыз деп танылған кезде Клиринг орталығы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес позицияларды көшіру процедурасын жүзеге асыру арқылы жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтын реттеуді жүзеге асырады.
8. Белгілі бір биржалық нарықтың клирингілік қатысушысы осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасына сәйкес жосықсыз деп танылған жағдайда Клиринг орталығы клирингілік қатысушының қамтамасыз ету шоттарынан және/немесе кепілдік жарналарының шоттарынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асыруға құқылы, сондай-ақ жосықсыз клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету немесе кепілдік жарналарының құрамына кіретін кез келген қаржы құралын осындай есептен шығару/сату жүзеге асырылғаннан кейін бірыңғай шектелімнің теріс мәні болмаған жағдайда, оның орындалмаған міндеттемелерін өтеу үшін қажетті мөлшерде оның атынан сатуды жүзеге асыруға құқылы.
9. Жосықсыз клирингілік қатысушы Ережелердің 26 бабына және Кіру жарналары, клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағидаға сәйкес ОК-мен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін немесе ОК-сыз мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлейді.

#### 17 бап.

#### Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану

1. Клиринг орталығының басқармасы клирингілік қатысушыны мынадай жағдайлардың кез келгені басталған кезде ОК-мен мәмілелер бойынша дәрменсіз деп тануға құқылы:
  - 1) клирингілік бөлімше клирингілік қатысушыны/жосықсыз клирингілік қатысушыны нетто-міндеттемелердің дефолтына және/немесе маржа

бойынша дефолтқа және/немесе осы биржалық нарықта кепілдік жарна бойынша дефолтқа байланысты белгілі бір биржалық нарықта дәрменсіз деп тану туралы мәселені Ережелердің осы биржалық нарықтың ерекшеліктерінде белгіленген тәртіппен шығару негізінде. Бұл ретте:

- нетто-міндеттемелер дефолты жағдайында дәрменсіз клирингілік қатысушының ағымдағы есеп айырысу күніне оларды орындамау мөлшеріндегі нетто-міндеттемелері, сондай-ақ Клиринг орталығы Басқармасының шешімімен анықталатын өзге де нетто-міндеттемелер орындалмаған деп танылады;
  - маржа бойынша дефолт болған жағдайда мәжбүрлеп жабу СКШ +/МП шоты/дәрменсіз клирингілік қатысушының есеп айырысу коды бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәніне/берешекті өтеуге әкеп соғатын Клиринг орталығын таңдау бойынша кез келген нетто-міндеттемелер орындалмаған деп танылады;
  - кепілдік жарна бойынша дефолт жағдайында мәжбүрлеп жабу дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін ақша есебінен оларды одан әрі өтеу үшін кепілдік жарна бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелерден асатын мөлшерде бірыңғай шектелімнің оң мәніне/берешекті өтеуге әкеп соғатын осындай мөлшердегі Клиринг орталығының таңдауы бойынша кез келген нетто-міндеттемелер орындалмаған деп танылады;
- 2) резидент клирингілік қатысушыны қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясынан айырған жағдайда, мұндай клирингілік қатысушы осындай лицензиядан айырылған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей барлық биржалық нарықтарда дәрменсіз деп танылады. Барлық биржалық нарықтарда есеп айырысудың барлық күндерімен клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша барлық нетто-міндеттемелер орындалмаған деп танылады;
- 3) клирингілік қатысушы-резидентті қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган операциялардың немесе қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясынан/құқығынан айырған жағдайда, клирингілік қатысушы-резидент лицензиядан айыру болған операцияларды жүзеге асыруға осындай лицензиядан/осындай құқықтан айырылған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей қаржы құралдары сатылатын биржалық нарықта дәрменсіз деп танылады. Клирингілік қатысушының осы биржалық нарықтағы есеп айырысудың барлық күндерімен барлық клирингілік шоттар бойынша нетто-міндеттемелері орындалмаған деп танылады;
- 4) уақытша әкімшілік тағайындалған жағдайда, банкроттық, клирингілік қатысушы-бейрезиденттің уәкілетті органы қызметтің негізгі түріне немесе қаржы нарықтарының кез келгенінде операциялар жүргізуге лицензиядан айыру (тоқтата тұру) процедураларының бірінің басында, осы клирингілік қатысушы-бейрезидент бұл туралы Клиринг орталығы білген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей дәрменсіз деп танылады. Клиринг орталығы Басқармасының шешімімен клирингілік қатысушы-бейрезидент дәрменсіз деп танылатын биржалық нарықтардың түрлері анықталады, сондай-ақ оның нетто-міндеттемелерін орындалмаған деп танудың шарттары мен тәртібі анықталады;
- 5) күнтізбелік ай ішінде белгілі бір биржалық нарықта есеп айырысу мерзімдері бірнеше рет бұзылған жағдайда клирингілік қатысушы

осындай биржалық нарықта дәрменсіз деп танылуы мүмкін. Оның нетто-міндеттемелерін орындалмаған деп тану шарттары мен тәртібі Клиринг орталығы Басқармасының шешімімен анықталады;

- 6) қандай да бір биржалық нарықта клирингілік қатысушы дәрменсіз деп танылған жағдайда. Оның нетто-міндеттемелерін орындалмаған деп танудың шарттары мен тәртібі Клиринг орталығы Басқармасының шешімімен анықталады;
  - 7) клирингілік қатысушы, оның бенефициарлық меншік иесі немесе клирингілік қатысушыны тікелей немесе жанама түрде иеленуші немесе бақылаушы ұйым және/немесе террорлық әрекетке қатысы бар тұлғалардың тізбесіне және/немесе терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, осы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-сайтында орналастырылған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде. Мұндай клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттар (меншікті және клиенттік) бойынша есеп айырысудың барлық күндерімен барлық мәмілелері жарамсыз деп танылады;
  - 8) клирингілік қатысушының клиенті террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізіміне және/немесе терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және/немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, клирингілік қатысушыдан алынған клиенттің клирингілік шотын көрсетумен алынған және/немесе Орталық депозитарийден Орталық депозитарий депоненті клиентінің жеке шотын көрсете отырып алынған ақпаратқа сәйкес осындай ақпаратты алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде. Есеп айырысулар Орталық депозитарий депоненті клиентінің көрсетілген клирингілік және/немесе жеке шотын пайдалана отырып жүзеге асырылатын кез келген сауда-клирингілік шоттардан есеп айырысудың барлық күндерімен жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады.
2. Клирингілік қатысушы-резиденттің лицензиясынан/құқығынан айыру фактісін растау уәкілетті органның клирингілік қатысушы ұсынған жазбаша хабарламасы және (немесе) уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған ақпарат болып табылады. Клирингілік қатысушы Клиринг орталығы Басқармасының шешімінде көрсетілген күн мен уақыттан бастап дәрменсіз деп танылады.
  3. Клиринг орталығының Басқармасы Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп таныған кезде Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығының "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" ішкі құжатына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушыны барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы Биржаға ұсынымдарды немесе Дәрменсіз клирингілік қатысушыны бір немесе бірнеше сауда-клирингілік шоттар бойынша сауда-саттықтан шеттету туралы Биржаға ұсынымдары жібереді немесе Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес мәмілелерді орындау дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік шоттарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын сауда/сауда-саттық клирингілік жүйеде бір немесе бірнеше сауда-клирингілік шоттар бойынша өтінімдер беруге тыйым салады.
  4. Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану Ережелердің 18 бабына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының ОК-мен мәмілелері бойынша дефолтты реттеу процедурасын дереу жүргізу үшін негіз болып табылады.



5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы Ережелердің 26 бабына сәйкес нетто-міндеттемелерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін айыппұл/тұрақсыздық айыбын төлейді.
6. Клиринг орталығының Басқармасы осы баптың 1 тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген маржа бойынша дефолт туындаған кезде клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің және/немесе Клиринг орталығының немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыспен;
  - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартта көзделген өз функцияларын Клиринг орталығының тиісінше орындамауымен;
  - 3) еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың іс-қимылдары мен шешімдер, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржа және/немесе Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың басталуына байланысты өзге де уақиғалардың туындауымен;
  - 4) мәміленің немесе своп/репо операциясының нысанасы болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс белгіленбеген параметрлерімен;
  - 5) клирингілік қатысушының ақылға қонымды бақылауының шегінен шығатын өзге де жағдайлармен және/немесе уақиғалармен байланысты тиісінше орындамағаны туралы растау болған кезде белгілі бір биржалық нарыққа клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп танымау туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

**18 бап. Дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтын реттеу**

1. Орындалмаған деп танылған ОК-мен мәмілелер бойынша әрбір нетто-міндеттеме, сондай-ақ Ережелердің 17 бабына сәйкес Клиринг орталығы Басқармасының шешімі негізінде жарамсыз деп танылған барлық мәмілелер реттеуге жатады.

2. Дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоты бойынша дефолтты реттеу процедураларын жүргізу кезінде Клиринг орталығының өзінің клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуді, сондай-ақ оның кепілдік жарналарын ол бойынша дефолтқа жол берілген клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуді толық пайдаланғаннан кейін ғана пайдалануға құқығы бар.

Дефолтты реттеу жөніндегі процедуралар және дефолтты реттеу шеңберінде Клиринг орталығы орындайтын өзге де іс-әрекеттер биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір биржалық нарықта жеке жүзеге асырылады және мыналарды қоспағанда, қалған биржалық нарықтарды қозғамайды:

Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шоты бойынша есеп айырысудың ағымдағы күні бар Клиринг орталығының нетто-талаптарынан және меншікті клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптардан асатын мөлшерде қамтамасыз етуді, сондай-ақ оның кепілдік жарналарын нетто-міндеттемелері болмаған жағдайда өзге биржалық нарықтарда осы биржалық нарықтағы есеп айырысулардың кез келген күндерімен пайдалануға құқығы бар.

3. Дефолтты реттеу шеңберінде Клиринг орталығы мынадай рәсімдерді жүзеге асырады:

1) дәрменсіз клирингілік қатысушының барлық биржалық нарықтарда оның кепілдік жарналарын және меншікті қамтамасыз етуін, сондай-ақ егер дефолт осындай шот бойынша жіберілген жағдайда клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуін алып қою құқығын тоқтата тұрады;

2) құрамына дефолт жіберілген клирингілік шотта ескерілетін қамтамасыз ету кіретін барлық сауда-клирингілік шоттарды көрсете отырып, тиісті биржалық нарықтың сауда-саттық жүйелеріне өтінімдер беруді тоқтата тұру туралы Биржаға ұсынымдар жібереді;

3) СКШ+ шоты/есеп айырысу коды бойынша маржа бойынша дефолт болған клирингілік шотта есепке алынатын дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша мәмілелер жасайды және/немесе Ережелердің 20 бабына сәйкес есеп айырысу коды бойынша бірыңғай шектелімнің/берешектің теріс мәнін жоятын көлемде оның кез келген орындалмаған нетто-міндеттемелерін мәжбүрлеп жоюды жүзеге асырады;

4) МП шоты бойынша маржа бойынша дефолт болған жағдайда:

– дәрменсіз клирингілік қатысушы/оның Уәкілетті сауда-саттыққа қатысушысы атынан МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәнін жоятын көлемде маржа бойынша дефолт болған МП шотында ескерілетін кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша мәмілелер жасасу, бұл ретте көрсетілген мәмілелер жасалатын мүлікті таңдауды Клиринг орталығы дербес жүзеге асырады;

– маржа бойынша дефолт болған МП шоты бойынша мүліктік пулдағы барлық активтерді сату қорытындылары бойынша толық көлемде мүліктік пул бойынша маржиналдық талаптар орындалмаған жағдайда, сауда-саттық клирингілік жүйесінде пул бойынша Маржиналдық талаптардың қалдығын орындау үшін

қажетті сомада теңгемен көрсетілген МП шотына сәйкес келетін СКШ+ тен осы МП шотына ақша аударуға өкімді қалыптастыру есебінен клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды жүзеге асырады.

Егер СКШ+ бойынша есепке алынатын ақша көрсетілген аударымды орындау үшін жеткіліксіз болса, жетіспейтін ақша сомасы Клирингілік қатысушының осындай СКШ+ бойынша Клиринг орталығы алдындағы нетто-міндеттемесі ретінде есепке алынады. Клирингілік қатысушының көрсетілген міндеттемесі жақын клирингілік пулға енгізіледі;

- 5) кепілдік жарна бойынша дефолт болған жағдайда дәрменсіз клирингілік қатысушының/оның Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушысының атынан меншікті клирингілік шотында ескерілетін кез келген қамтамасыз етуді сату бойынша мәмілелер жасасады, және/немесе Ережелердің 20 бабына сәйкес кепілдік жарна бойынша орындалмаған нетто-міндеттемелер мөлшерінде дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілдік жарнасы мөлшерінің жеткіліктілігіне алып келетін және/немесе қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда меншікті клирингілік шотта ескерілетін көлемде өзінің клирингілік шоты бойынша оның кез келген орындалмаған нетто-міндеттемелерін мәжбүрлеп жоюды жүзеге асырады;
- 6) нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында және (немесе) Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 2)-6) тармақшаларында анықталған жағдайларда оның атынан/оның Уәкілетті сауда-саттыққа қатысушысының атынан қарама-қарсы бағыттағы теңгерімдеуші мәмілелерді жасасу және Ережелердің 18 бабында анықталған тәртіппен Ережелердің 23 бабы 1 тармағының 1)-5) тармақшаларында анықталған дәйектілікпен дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету есебінен жиынтық нетто-міндеттемені (бар болса) жабу мәмілелерін жасасу арқылы дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған деп танылған нетто-міндеттемелерін мәжбүрлеп жоюды жүзеге асырады.

Егер осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген іс-қимылдардың нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының қорытынды нетто-міндеттемесі өтелмеген болса, Ережелердің 19 бабына сәйкес бөлу процедурасын және есеп айырысуды жүзеге асырады.

Ережелердің 21 бабына сәйкес клирингілік қорлар есебінен адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жоюды жүзеге асырады.

Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелері бойынша тұрақсыздық айыбын есептейді.

Дәрменсіз және адал ниетті клирингілік қатысушыларға осы Ережелерге сәйкес жоюды жүргізу қорытындылары бойынша клирингілік есептерді жібереді.

- 7) 17 баптың 1 тармағының 7), 8) тармақшаларына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының жарамсыз деп танылған мәмілелерін жоюды Ережелердің 22 бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

## **19 бап. Бөлу процедурасы**

- 1 Бөлу процедурасы адал ниетті клирингілік қатысушылардың талаптарын ішінара орындау мақсатында жүзеге асырылады.
2. Адал ниетті клирингілік қатысушылардың талаптарын ішінара орындау мақсатында бөлу процедурасын жүргізу кезінде адал ниетті клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$EX_p = Q_p \cdot (\sum Q_p - EX_{nku}) / \sum Q_p$$

- $EX_p$  – бөлінуге жататын қаражат есебінен ішінара орындау үшін адал ниетті клирингілік қатысушының клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері;
- $p$  – нетто-талаптар  $p=1, 2, \dots, X$  орындалмаған адал ниетті клирингілік қатысушының клирингілік шоты;
- $Q_p$  – адал ниетті клирингілік қатысушының клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері;
- $EX_{nku}$  – бөлінуге жататын қаражат мөлшері.

3. Адал ниетті клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша орындалмаған нетто-талаптың мөлшері оларды ішінара орындағаннан кейін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D_p = Q_p - EX_p, \text{ мұндағы}$$

- $D_p$  –  $p$ -ші адал ниетті клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарының мөлшері.

## 20 бап.

### Клиринг орталығы ОК функцияларын орындайтын мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін мәжбүрлеп жою

1. Дәрменсіз клирингілік қатысушының белгілі бір есеп айырысу күнімен орындалмаған нетто-міндеттемесін мәжбүрлеп жою (бұдан әрі – мәжбүрлеп жою) биржалық нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай мәмілелер жасасу арқылы жүзеге асырылады:
  - 1) белгілі бір есеп айырысу күнімен нетто-позицияларды максималды төмендету мақсатында орындалмаған нетто-талаптар есебінен орындалмаған нетто-міндеттеме құрылған қаржы құралын сатып алу бойынша теңгерімдеуші мәмілелер;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету және/немесе кепілдік жарналары құрылған қаржы құралдарын сату және оның орындалмаған қорытынды міндеттемесі көрсетілген қаржы құралын сатып алу бойынша жабу мәмілелері;
  - 3) деривативтер нарығында – дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемені қалыптастырған мәмілелеріне кері келетін жабатын мәмілелер.
2. Мәжбүрлеп жою мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
  - 1) Клиринг орталығының осы баптың 3 тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен Клиринг орталығының адал ниетте қатысушылар алдындағы орындалмаған нетто-міндеттемесі құрылған қаржы құралын сатып алудың теңгерімдеуші мәмілелерін жасасуы.

Егер Клиринг орталығының осы міндеттеменің есеп айырысу күнімен орындалмаған нетто-міндеттемесі құрылған қаржы құралын сатып алуды жүзеге асыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, орындалмаған осы нетто-міндеттеменің есеп айырысу күніне барынша жақындатылған есеп айырысу күнімен бірге қаржы құралының қажетті санын сатып алу және жасалған сатып алу мәмілесінің есеп айырысу күні мен неттинг арқылы есеп айырысудың қажетті күнімен нетто-позициялардың мөлшерін барынша төмендетуге мүмкіндік беретін орындалмаған нетто-міндеттеменің есеп айырысу күні көрсетілген репо операциясы жүзеге асырылады;
  - 2) Клиринг орталығының дәрменсіз клирингілік қатысушы атынан кері бағыттың осы тармағының 1) тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші

мәмілелер жасалған шарттарда өзімен теңгерімдеуші мәмілелер жасасуы.

осы тармақтың 1) тармақшаның екінші абзацына сәйкес жасалған теңгерімдеуші мәмілелер жасалған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушы атынан Клиринг орталығы жасаған теңгерімдеуші сатып алу мәмілесінің есеп айырысу күні орындалмаған нетто-міндеттеменің есеп айырысу күніне сәйкес келеді, ал мәміле бағасы шетел валютасымен жасалған репо/операция құнын ескеретін (шартты түрде "қысқа мерзімді валюталық своп" деп аталатын) және Биржаның ережелеріне сәйкес анықталатын (бұдан әрі – шетел валютасымен жасалатын операциялар) шамаға түзетіледі;

- 3) деривативтер нарығында – Клиринг орталығының дәрменсіз клирингілік қатысушы және өзімен адал ниетті клирингілік қатысушылар атынан жабатын мәмілелер жасасуы;
- 4) осы тармақтың 1)–3) тармақшаларына сәйкес Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушылар жасаған теңгерімдеуші мәмілелердің/жабатын мәмілелердің бағалары мен орындалмаған нетто-позицияларды қалыптастырған мәмілелер бағалары арасындағы нарықтық айырма көрсетілген мәмілелердің неттингін жүргізу кезінде не Клиринг орталығына алдындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талабын не дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы нетто-міндеттемесін құрайды. Бұл ретте дәрменсіз клирингілік қатысушының болашақ есеп айырысу күні бар құрылған нетто-міндеттемесі ол құрылған күні орындалуға жатады және тоқтатылды деп танылады;
- 5) Клиринг орталығы Клиринг орталығына дәрменсіз клирингілік қатысушының осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген нетто-талабын есеп айырысу коды бойынша берешекті бірыңғай шектелімнің/өтеудің теріс мәнін жою және/немесе кепілдік жарна бойынша талаптарды орындау үшін пайдаланады.

Басқарма шешімі бойынша Клиринг орталығының осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ Клиринг орталығы алдындағы дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелері бойынша кез келген берешектерді өзара есеп айырысу арқылы өтеу үшін нетто-талапты пайдалануға құқығы бар.

Бұл ретте, егер осы талап теңгемен қалыптаспаған жағдайда, Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-талабын құрайтын қаржы құралын осы баптың 3 тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен теңгеге сату жөнінде мәміле жасасады;

- 6) дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген нетто-міндеттемесі Ережелердің 23 бабы 1 тармағының 1)–5) тармақшаларында анықталған реттілікпен дәрменсіз клирингілік қатысушының "дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулына" кіретін қамтамасыз ету және кепілдік жарналары есебінен өзара есеп айырысу арқылы жабылады.

Егер осы нетто-міндеттеме дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі және/немесе кепілдік жарналары қалыптастырылған қаржы құралында қалыптаспаған жағдайда, Клиринг орталығы:

өз атынан осы баптың 3 тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен;

дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан алдыңғы абзацқа сәйкес жасалған мәмілелер жасалған көлемде және сол шарттарда өзіне қатысты қамту мәмілелерін жасайды.

Бұл ретте, егер дефолтты қамту үшін қамтамасыз ету пулының белгілі бір түрін әртүрлі қаржы құралдары құраған жағдайда, қамту мәмілелерін жасау үшін қаржы құралдары Ережелердің 23 бабының 5 тармағында анықталған реттілікте пайдаланылады.

3. Дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүргізу кезінде мәмілелер көрсетілген дәйектілікке сәйкес мынадай тәсілдермен жасалады:

1) биржалық сауда-саттық барысында Клиринг орталығы өтінімдерді беру сәтінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде қолданылатын бағалар бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдер береді. Өтінімдерді беру уақытын, сондай-ақ берілетін өтінімдердің көлемін Клиринг орталығы дербес анықтайды;

2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мәмілелерді биржалық нарықтағы негізгі сауда-саттық сессиялары ішінде толық немесе ішінара жасау мүмкін болмаған жағдайда, Клиринг орталығы Ұлттық Банкпен немесе Провайдер-банкпен немесе өзге де клирингілік қатысушымен қосымша сауда-саттық сессияларында және (немесе) сауда-саттықтың ұзартылған тәртіптерінде және (немесе) биржадан тыс нарықта Ұлттық Банкпен және (немесе) Провайдер-банкпен және (немесе) кез келген клирингілік қатысушымен келісімге сәйкес белгіленетін баға бойынша қажетті көлемде мәмілелер жасасуға құқылы. Бұл ретте, егер жасалатын мәміленің көлемі осы қаржы құралы үшін белгіленген шоғырлану шектелімінің мәнінен аспайтын болса, қаржы құралын сатып алу-сату мәмілелерінің бағасы (+ маржа мөлшерлемесі) – (-маржа мөлшерлемесі) диапазонында және, егер жасалатын мәміленің көлемі шоғырлану шектелімінен артық болса, осындай қаржы құралының есептік бағасынан (+ шоғырлану мөлшерлемесі) – (-шоғырлану мөлшерлемесі) диапазонында болуы тиіс. Қор және валюта нарықтарында, егер биржалық сауда-саттық барысында баға дәліздері шекараларының жылжуы жүзеге асырылған жағдайда, онда жылжу шамасы есепті бағаны жылжудың тиісті шамасына өзгертеді;

3) егер мәмілелер жасасу осы тармақтың алдыңғы тармақшаларына сәйкес мүмкін болмаған жағдайда, Клиринг орталығы өз атынан дефолт болған қаржы құралы бойынша талаптары бар адал ниетті клирингілік қатысушылармен осы сауда-саттық сессиясы жабылған сәтте қолданылатын тиісті есеп айырысу күнімен қаржы құралының есеп айырысу бағалары бойынша мәмілелер жасасады.

Дефолт болған қаржы құралы бойынша нетто-талаптары бар бірнеше адал қатысушылар болған жағдайда, адал ниетті клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты үшін мәміле көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_p = Q_p \cdot (U_{nku} / \sum Q_p)$$

$V_p$  – өзіне қатысты мәміле жүзеге асырылатын адал ниетті клирингілік қатысушының  $p$ -ші клирингілік шотының нетто-талабының мөлшері;

$P$  –  $p=1, 2, \dots, X$  дефолт болған қаржы құралында нетто-талабы бар адал ниетті клирингілік қатысушының клирингілік шоты;

$Q_p$  – дефолт болған қаржы құралы бойынша адал ниетті клирингілік қатысушының  $p$ -ші клирингілік шоты бойынша нетто-талаптың мөлшері;

$U_{nku}$  – дефолт болған қаржы құралы бойынша орындалмаған нетто-міндеттеменің мөлшері.

4. Клиринг орталығының осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, клирингілік қатысушы дәрменсіз деп

танылған күннен кейінгі күннен бастап үш сауда күні ішінде мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыруға құқығы бар.

Валюта немесе қор нарығында маржа бойынша дефолт болған жағдайда Клиринг орталығы клирингілік қатысушы дәрменсіз деп танылған күні мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте Клиринг орталығы Ережелердің белгілі бір биржалық нарығының ерекшеліктеріне сәйкес сауда-саттықтың әрбір күнін жабу қорытындылары бойынша мәжбүрлеп жою жүзеге асырылмаған орындалмаған нетто-міндеттемелерге қатысты позицияларды көшіру процедурасын жүзеге асырады.

5. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушыны мәжбүрлеп жою жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыру туралы ол жүзеге асырылатын жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді және:
  - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарының мен нетто-міндеттемелерінің тоқтатылуы;
  - 2) дәрменсіз клиринг қатысушысының атынан Клиринг орталығы жасасқан теңгерімдеуші мәмілелер мен қамту мәмілелері;
  - 3) мәжбүрлеп жою нәтижелері бойынша құрылған дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері және/немесе нетто-талаптары;
  - 4) қамтамасыз ету шоттарындағы (егер Клиринг орталығы есеп айырысу ұйымының рөлінде болған жағдайда) және дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілдік жарналары шоттарындағы қалдықтар;
  - 5) Ережелерде белгіленген шарттарға және дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүргізу тәртібіне сәйкес өзге де мәліметтер туралы ақпаратпен клирингілік есеп және/немесе өзге жазбаша хабарламалар жібереді.
6. Клиринг орталығы осы баптың 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес адал ниетті клирингілік қатысушылардың атынан мәмілелер жасаған жағдайда Клиринг орталығы адал ниетті клирингілік қатысушыларға:
  - 1) дефолттың басталу фактісі;
  - 2) Клиринг орталығы адал ниетті клиринг қатысушысының атынан жасасқан теңгерімдеуші мәмілелер және/немесе жабу мәмілелері;
  - 3) Клиринг орталығы жасаған жоғарыда көрсетілген мәмілелер нәтижесінде адал ниетті клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-позицияларының тоқтатылуы және осы мәмілелерді жүргізу нәтижелері бойынша нетто-міндеттемелердің және/немесе нетто-талаптардың туындауы (болған жағдайда) туралы клирингілік есеп жән/немесе өзге жазбаша хабарламалар жібереді.
7. Дәрменсіз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал ниетті клирингілік қатысушылар осы бапқа және оларға Клиринг орталығы жіберген клирингілік есептерге сәйкес мәжбүрлеп жою шеңберінде Клиринг орталығының атынан жасалған барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті.
8. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының атынан, сондай-ақ өзімен мәмілелерге қатысты адал ниетті клирингілік қатысушылардың атынан әрекет ете отырып, Ережелерге сәйкес мәмілелер жасау үшін қажетті барлық заңды және нақты іс-әрекеттерді арнайы өкілеттісіз (сенімхатсыз), сондай-ақ дәрменсіз және адал ниетті клирингілік қатысушылардың келісімінсіз жүзеге асырады.
9. Дәрменсіз клирингілік қатысушы осы баптың 5 тармағына сәйкес клирингілік есепте берілген мәжбүрлеп жою жүзеге асырылған күні биржалық нарықтардың ерекшеліктерінде көрсетілген cut-off time уақытына сәйкес олар мәліметтер мәжбүрлеп жою нәтижелері бойынша нетто-міндеттемелерді

орындамаған жағдайда, Клиринг орталығы Ережелердің 21 бабына сәйкес адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жоюды жүзеге асырады және Ережелердің 26 бабының 5 тармағына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушыға тұрақсыздық айыбын есептейді.

10. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуді және кепілдік жарналарын осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелері бойынша өзге де берешектерді өзара есеп айырысу арқылы өтеу үшін пайдалануға құқылы.

Бұл ретте дәрменсіз клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі және кепілдік жарналары теңгемен қалыптастырылмаған жағдайда, Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында осы баптың 3 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тәсілдердің бірімен дәрменсіз клирингілік қатысушының теңгемен қамтамасыз етуі және/немесе кепілдік жарнасын құрылған қаржы құралын сату бойынша мәмілелер жасасады.

Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушының осы Ережелерге сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын/айыппұлдарды төлеу үшін, сондай-ақ дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелері бойынша өзге берешектерін өтеу үшін дәрменсіз клирингілік қатысушының осы мүліктік пул бойынша клирингілік қатысу сертификаты құралы бойынша міндеттемелерінен асатын көлемде мүліктік пулға енгізілген қаржы құралдарын пайдалануға құқылы.

11. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушы мәжбүрлеп жою нәтижелері бойынша орындамаған нетто-міндеттемелерді, сондай-ақ Биржаның ережелеріне сәйкес Клиринг орталығы алдындағы өзге де берешекті өтеуді талап етуге құқылы.
12. Дәрменсіз клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін, сондай-ақ Клиринг орталығы алдындағы тұрақсыздық айыбы мен өзге де берешектерін толық төлегеннен кейін Ережелерде белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп жою аяқталғаннан кейін қалған өзінің қамтамасыз етуін және/немесе кепілдік жарнасын қайтаруды жүзеге асыруға құқылы.

#### 21 бап.

#### **ОК функцияларын орындау кезінде адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жою. Клиринг орталығының жауапкершілік мөлшерін шектеу**

1. Клиринг орталығы өзіне ОК функцияларын қабылдай отырып, Ережелердің 23 бабы 1 тармағының 6) және 7) тармақшаларына сәйкес дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулының құрамына кіретін дефолт болған биржалық нарықтың клирингілік қорлары мөлшерінде өз жауапкершілігін шектеуді ескере отырып, әрбір адал ниетті клирингілік қатысушы алдындағы нетто-міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.
2. Егер Ережелердің 20 бабының 9 тармағына сәйкес жүзеге асырылған мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыру қорытындылары бойынша, дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелері толық көлемде орындалмаған жағдайда немесе Ережелердің 22 бабының 4 тармағына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының жою неттингінің нәтижелері бойынша орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Клиринг орталығы Ережелердің 19 бабына сәйкес әрбір адал қатысушы алдында орындайтын міндеттемелердің мөлшерін анықтау мақсатында Клиринг орталығы оларды бөлу процедурасын жүзеге асырады және Клиринг орталығына әрбір адал ниетті клиринг қатысушысының қалған орындалмаған талаптарын жою процедурасын (бұдан әрі – талаптарды жою) клиринг қорларының қаражаты есебінен осы баптың 1 тармағына сәйкес



көрсетілген дәйектілікте және мәжбүрлеп жоюды немесе жою неттингін жүзеге асыру үшін белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады.

3. Егер Клиринг орталығына адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары клирингілік қорлар қалыптастырылған қаржы құралында қалыптаспаған жағдайда, Клиринг орталығы осы талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Ережелердің 20 бабының 3 тармағында анықталған тәсілдердің бірімен клирингілік қорларды құраушы қаржы құралын сату және Клиринг орталығына адал қатысушылардың орындалмаған талаптары қалыптастырылған қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәмілелер жасасады.
4. Сақтық қорлар және адал ниетті клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары есебінен адал қатысушылардың талаптарын жою үшін клирингілік қорларды пайдалану мөлшері мен тәртібі, сондай-ақ Sk шамасы ретінде есептелетін әрбір адал ниетті клирингілік қатысушының пайдаланылған кепілдік жарнасының мөлшерін есептеу Ережелердің 24 бабында белгіленген.
5. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік қорларын пайдалану есебінен әрбір адал ниетті клирингілік қатысушы алдында жабылатын талаптардың мөлшері, егер адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптарын жабу үшін кепілдікті қордың қаражаты жеткілікті болса және сақтық қордың қаражаты жеткіліксіз болса, Ережелердің 24 бабының 2 тармағына сәйкес  $F_p$  шамасы ретінде есептеледі, және егер сақтық және кепілдік клирингілік қорлардың да қаражаты жеткіліксіз болса, Ережелердің 24 бабының 3 тармағына сәйкес  $L_p$  шамасы ретінде есептеледі.
6. Клиринг орталығының адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы нетто-міндеттемелері осы баптың 5 тармағына сәйкес есептелетін адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы орындалған талаптардың тиісті сомасына төмендетіледі.
7. Клирингілік қорларды пайдаланғаннан кейін Клиринг орталығының адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы орындалмаған міндеттемелері кейінге қалдырылған міндеттемелер болып танылады, ал адал ниетті клирингілік қатысушылардың тиісті орындалмаған талаптары кейінге қалдырылған талаптар болып танылады.
8. Клиринг орталығы талаптарды жою аяқталған және клирингілік қорлардың қаражаты пайдаланылған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей клирингтік есепті және/немесе өзге де жазбаша хабарламаларды адал ниетті клирингтік қатысушыларға:
  - 1) дефолттың басталу фактісі және дефолтты реттеу үшін пайдаланылған сақтық қордың мөлшері;
  - 2) талаптарды жоюды жүзеге асыру үшін клирингілік қатысушының пайдаланылған кепілдік жарнасының мөлшері;
  - 3) клирингілік қатысушының кепілдік беру қорына кепілдік жарнаны қалпына келтіруі үшін қажетті сома мөлшері;
  - 4) орындалуы кейінге қалдырылған талаптар мөлшері (болған жағдайда);
  - 5) адал ниетті клирингілік қатысушының атынан Клиринг орталығы жасаған талаптарды жүзеге асырылған жою шеңберінде сату мәмілелері;
  - 6) осы Ережелерде белгіленген дефолтты реттеу бойынша процедураларды жүргізу шарттары мен тәртібіне сәйкес өзге де мәліметтер туралы ақпаратпен жібереді.
9. Клирингілік қорларды қалпына келтіру тәртібі, клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарға қатысты құқықтары мен міндеттері Ережелердің 25 бабында анықталған.

10. Талаптарды жоюды жүзеге асыру нәтижесінде нетто-талаптары толық орындалмаған адал ниетті клирингілік қатысушы, осы баптың 11 тармағында анықталған жағдайларды қоспағанда, олардың орындалуын талап етуге құқылы емес.
11. Клиринг орталығының адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы міндеттемелерін кейінге қалдыра отырып, міндеттемелердің мөлшері мынадай жағдайларда азаюы мүмкін:
  - 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы берешегін оның өзі немесе өзге де тұлғалар өтеген кезде;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы орындалмаған міндеттемелері бойынша берешекті сот тәртібімен өндіріп алу кезінде;
  - 3) клирингілік қатысушыны, оның бенефициарлық меншік иесін немесе клирингілік қатысушының клиентін, сондай-ақ клирингілік қатысушыны тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымды терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінен алып тастау нәтижесінде;
  - 4) Клиринг орталығы қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органнан Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша клирингілік қатысушының немесе оның клиентінің операциялар жүргізу мүмкіндігі туралы тиісті ақпаратты алуы нәтижесінде.
12. Дәрменсіз клирингілік қатысушының оның орындалмаған міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне түскен не оның есеп шоттарында ескерілетін және клирингілік қатысушыны, оның бенефициарлық меншік иесін немесе клирингілік қатысушы клиентін, сондай-ақ клирингілік қатысушыны тікелей немесе жанама иеленуші немесе бақылаушы ұйымды терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінен және/немесе террористік әрекетке қатысты тұлғалар тізімінінен және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін алып тастау нәтижесінде қолжетімді болған қаржы құралдарын Клиринг орталығы оларды алған/тиісті уақиға болған күннен кейінгі екі жұмыс күні ішінде келесі:
  - 1) Клиринг орталығының адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы міндеттемелерін кейінге қалдыра отырып өтеу;
  - 2) клирингілік қатысушылардың пайдаланылған кепілдік жарналарын қайтару;
  - 3) қаражаты пайдаланылған клирингілік сақтық қорды қалпына келтіру реттілігімен пайдаланады.
13. Дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы кез келген берешегі осы баптың 12 тармағында аталған кез келген тәсілмен өтелген жағдайда, Клиринг орталығы алынған қаржы құралдарын адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы міндеттемелерін кейінге қалдыра отырып өтеу үшін Ережелердің 24 бабының 2 немесе 3 тармағына сәйкес клирингілік қорларды пайдалану есебінен әрбір адал ниетті клирингілік қатысушы алдында нетто-талаптарды орындау үшін қолданылған пропорцияларда бөледі..
14. Клиринг орталығының адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы орындалуы кейінге қалдырылған міндеттемелері осы баптың 12 тармағына сәйкес атқарушы сот органының дәрменсіз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы берешегін өндіріп алу жөніндегі шешімін орындау есебіне алынған Клиринг орталығы қаржы құралдарын бөлген күннен кейінгі, не Клиринг орталығының "Есеп саясаты" ішкі құжатында

мерзімі өткен берешекті есепке алу үшін көзделген мерзімде және тәртіппен осы берешекті Клиринг орталығының теңгерімінен есептен шығарғаннан кейінгі келесі жұмыс күні өтелген болып есептеледі. Клиринг орталығы адал ниетті клиринг қатысушыларына Клиринг орталығының кейінге қалдырылған міндеттемелері бойынша талаптарының тоқтатылғаны туралы хабарламаны олар тоқтатылған күні жібереді.

15. Егер есептен шығарылған берешекті борышкер оларды Клиринг орталығының балансынан есептен шығарғаннан және адал ниетті қатысушылар алдындағы кейінге қалдырылған міндеттемелер тоқтатылғаннан кейін өтесе, онда келіп түскен сома осы баптың 12 тармағында анықталған тәртіппен адал ниетті клирингілік қатысушылар арасында осы баптың 13 тармағында анықталған пропорцияларда бөлінеді.

## **22 бап. Дәрменсіз клирингілік қатысушының жою неттингі**

1. Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 7) және 8) тармақшаларына сәйкес Басқарма шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған ОК-мен жасалған барлық мәмілелер бойынша жою неттингі процедурасы дәрменсіз клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша қорытынды нетто-талапты/нетто-міндеттемені анықтау мақсатында жүзеге асырылады.
2. Барлық жарамсыз деп танылған мәмілелер теңгемен мынадай шамалардың сомасы ретінде есептелетін жою неттингінің нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының әрбір клирингілік шоты бойынша нетто-талап/нетто-міндеттеменің толық туындауымен тоқтатылуға жатады (міндеттемелер "минус" белгісімен, талаптар "плюс" белгісімен ескеріледі):
  - 1) жою неттингін жүргізу күнінің соңында белгіленген тиісті есептік бағалар бойынша қайта есептелген есеп айырысудың барлық күндері бойынша қаржы құралдарындағы міндеттемелер;
  - 2) биржалық жарналарды, саудалық және клирингілік алымдарды төлеу бойынша міндеттемелер;
  - 3) репо операциялары бойынша купондық кірісті беру бойынша міндеттемелер;
  - 4) жою неттингін жүргізу күнінің аяғында белгіленген есептік бағалар бойынша қайта есептелген есеп айырысудың барлық күндері бойынша қаржы құралдарындағы талаптар.
3. Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Басқарма шешімінің негізінде осындай деп танылған дәрменсіз клирингілік қатысушының клиенттік клирингілік шоты бойынша жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап/нетто-міндеттеме клирингілік шоттары бойынша мәмілелері жарамсыз деп танылған дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотындағы ағымдағы есеп айырысу күнімен бірге есепке алынады.

Дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында оның клиенттік клирингілік шоты бойынша жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талапты/нетто-міндеттемені есепке алу нәтижелері бойынша қорытынды нетто-міндеттеме болған жағдайда, дәрменсіз клирингілік қатысушы мұндай жиынтық нетто-міндеттемені қолданыстағы Регламентке сәйкес клирингілік сессияның басталуынан кешіктірмей орындауға міндетті

Дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шоты бойынша қорытынды нетто-міндеттемені орындамаған жағдайда, Клиринг орталығының клирингілік бөлімшесі Басқармаға нетто-міндеттемелердің дефолтына байланысты нетто-міндеттемелерді орындамады деп тану туралы мәселені шығарады және Ережелердің 17 бабында көзделген процедураларды жүзеге асырады.

Жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талапты/нетто-міндеттемені есепке алу нәтижелері бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шотында қорытынды нетто-талап болған немесе дәрменсіз клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындауы қолданыстағы Регламентке сәйкес жақын арадағы клирингілік сессияның басталуынан кешіктірілмей болған жағдайда, клирингілік бөлімше Басқармаға осындай клирингілік қатысушыда орындалмаған міндеттемелердің болмауына байланысты олар бойынша мәмілелер жарамсыз деп танылған оның клиенттік клирингілік шотына қатысты жою неттингі рәсімінің аяқталуына байланысты клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп танудың күшін жою туралы мәселені шығарады.

Басқарма клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тануды жою туралы шешім қабылдаған жағдайда, Клиринг орталығы осы тануға байланысты қабылданған өзге де шешімдердің күшін жоюға құқылы.

4. Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 7) тармақшасына сәйкес осындай болып танылған дәрменсіз клирингілік қатысушыда жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап/нетто-міндеттеме болған жағдайда Клиринг орталығы Клиринг орталығының ішкі есеп жүйесіндегі жекелеген есеп шоттарында осындай нетто-талапты/нетто-міндеттемені ескереді.

Дәрменсіз клирингілік қатысушыда жою неттингінің нәтижелері бойынша нетто-талап болған жағдайда, осындай талапқа қатысты Клиринг орталығы Шетел валюталары бойынша есеп айырысу ережелеріне және/немесе Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелеріне және/немесе Деривативтер бойынша есеп айырысу ережелеріне сәйкес тыйым салу жөніндегі процедураларды жүзеге асырады.

Жою неттингін жүргізу нәтижелері бойынша Клиринг орталығы алдында дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесі болған жағдайда, Клиринг орталығы өзінің адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы қарсы міндеттемелерін орындау мақсатында Ережелердің 21 бабына сәйкес клирингілік қорлар есебінен жою неттингі нәтижелері бойынша құрылған нетто-міндеттемелер мөлшерінде адал ниетті клирингілік қатысушылар алдында орындалмаған талаптарды жоюды жүзеге асырады.

5. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушыға дәрменсіз клирингілік қатысушының осы баптың 2 тармағына сәйкес есептелген нетто-міндеттемесін өндіріп алу туралы талап қоюға және оның сот тәртібімен орындалуын талап етуге құқылы.

## 23 бап.

### Дефолтты жабуға арналған қамтамасыз ету пулы

1. Мәжбүрлеп жоюды жүзеге асыру кезінде теңгерімдеуші мәмілелер жасасу нәтижелері бойынша құрылған дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін қамту, сондай-ақ белгілі бір биржалық нарықта адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы ОК-мен мәмілелер бойынша Клиринг орталығының нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында қамтамасыз етудің мынадай түрлерінен қаржы құралдары (бұдан әрі – дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулы) мынадай ретпен пайдаланылады:

- 1) егер дефолт осы клиенттік шот бойынша міндеттемелер бойынша болса, дәрменсіз клирингілік қатысушының көрсетілген клирингілік шотқа байланысты клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоты/МП клиенттік шоты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуді құрайтын есеп айырысу ұйымындағы қаржы құралдары. Бұл ретте осы дәрменсіз клирингілік қатысушының өзге клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шоттары/МП клиенттік шоттары бойынша

- міндеттемелерді қамтамасыз етуді құрайтын, дефолтқа жол берілмеген қаржы құралдары пайдаланылмайды;
- 2) клирингілік қатысушы дефолтқа жол берген және егер дефолт меншікті клирингілік шот/МП меншікті шоты бойынша болған жағдайда дәрменсіз деп танылған биржалық нарыққа дәрменсіз клирингілік қатысушыны меншікті клирингілік шот бойынша қамтамасыз ету.  
Егер дефолт клиенттік/клиенттік кастодиандық клирингілік шот бойынша болса, Клиринг орталығының меншікті клирингілік шотта қамтамасыз етуді және/немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыны ЖК өз шотында қамтамасыз етуді ағымдағы есеп айырысу күнімен осындай клирингілік шот бойынша нетто-міндеттемеден асатын және Клиринг орталығының осындай клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптарынан асатын мөлшерде пайдалануға құқығы бар;
  - 3) дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтқа жол берген және дәрменсіз деп танылған биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарнасы;
  - 4) дәрменсіз клирингілік қатысушыны клирингілік қатысушы ағымдағы есеп айырысу күнімен дәрменсіз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінен және меншікті клирингілік шот бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптардан асатын мөлшерде дефолтқа жол бермеген кез келген биржалық нарықты қамтамасыз етудің меншікті шоттарында қамтамасыз ету;
  - 5) дәрменсіз клирингілік қатысушының, егер оның осы нарықта орындалмаған міндеттемелері болмаса, кез келген биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарнасы;
  - 6) дефолт жіберілген биржалық нарықтың клирингілік сақтық қоры;
  - 7) Ережелердің 24 бабының 1 тармағына сәйкес есептелетін мөлшерде тиісті клирингілік кепілдік қорына адал ниетті клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналары.
2. Қандай да бір биржалық нарықта дефолтты реттеу үшін:
- 1) клирингілік қатысушыны, оның бенефициарлық меншік иесін, сондай-ақ осындай клирингілік қатысушыны тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымды терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, террористік қызметке қатысы бар тұлғаларға тізіміне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізген жағдайда, клирингілік қатысушының және оның клиенттерінің;
  - 2) оны терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізіміне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізген жағдайда, клирингілік қатысушы клиентінің ақша мен қаржы құралдары пайдаланылмайды;
3. Бір клирингілік күн үшін қандай да бір биржалық нарықта дефолтты реттеу үшін пайдаланылуы мүмкін клирингілік сақтық қордың ең жоғары үлесі 25%-дан аспайды.
4. Егер дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулының белгілі бір түрін әртүрлі қаржы құралдары құраған жағдайда, оларды орындалмаған міндеттемелерді жабу мақсатында мәмілелер жасасу кезінде пайдалану үшін олардың мынадай реттілігі қолданылады:
- 1) орындалмаған міндеттеменің есеп айырысу валютасы;

- 2) өзге валюта мынадай ретпен: KZT, USD, EUR, RUB;
- 3) Клиринг орталығының таңдауы бойынша Орталық депозитарийдегі жеке шоттың KASE бөліміндегі кез келген бағалы қағаздар.
5. Клирингілік қорларды пайдалану және қалпына келтіру Ережелердің 24 және 25 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### 24 бап. Клирингілік қорларды пайдалану тәртібі

1. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорына адал ниетті клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарынан пайдаланылатын ақша сомасын есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$S_k = \min\left(\frac{D-R}{N}; G_k\right), \text{ мұндағы}$$

- $S_k$  – k-ші адал ниетті клирингілік қатысушының кепілдік жарнасынан пайдаланылатын ақша сомасы;
- $K$  – адал ниетті клирингілік қатысушы,  $k=1, 2, \dots, N$ ;
- $\min$  – жақшада көрсетілген мәндердің ең азын анықтайтын математикалық функция;
- $D$  –  $\sum_p D_p$  ретінде есептелетін адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарының жиынтық мөлшері, мұндағы  $D_p$  Ережелердің 19 бабының 3 тармағына сәйкес анықталады;
- $G_k$  – k-ші адал ниетті клирингілік қатысушының кепілдік жарнасының минималды қажетті мөлшері;
- $R$  – Ережелердің 23 бабының 3 тармағын шектеуді ескере отырып, адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабу үшін қолжетімді дефолт болған биржа нарығының сақтық қорының ақша сомасы;
- $N$  – адал ниетті клирингілік қатысушылардың саны.

2. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік сақтық қорының ақшасын осындай сақтық қордың қаражаты есебінен жабылатын әрбір адал ниетті клирингілік қатысушының нетто-талаптарының мөлшерін есептеу үшін адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабуға пайдалану кезінде мынадай формула қолданылады:

$$F_p = \min\left(\left(R * \frac{D_p}{D}\right); D_p\right), \text{ мұндағы}$$

- $F_p$  – клирингілік сақтық қор қаражаты есебінен жабылатын p-ші адал ниетті клирингілік қатысушының нетто-талаптарының мөлшері;
- $p$  – нетто-талаптары  $p=1, 2, \dots, X$  орындалмаған адал ниетті клирингілік қатысушы;
- $D_p$  – осы Ережелердің 19 бабының 3 тармағына сәйкес есептелген p-ші адал ниетті клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-талаптарының мөлшері;
- $D$  – осы баптың 1 тармағында белгіленген белгі;
- $R$  – осы баптың 1 тармағында белгіленген белгі.

3. Қандай да бір биржалық нарықтың клирингілік кепілдік қорының ақшасын әрбір адал ниетті клирингілік қатысушының клирингілік кепілдік қорының қаражаты есебінен жабылатын нетто-талаптарының мөлшерін есептеу үшін

адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жабуға пайдалану кезінде мынадай формула қолданылады:

$$L_p = \min \left( \left( G * \frac{D_p}{D} \right); (D - R) * \frac{D_p}{D} \right), \text{ мұндағы}$$

- G – мәжбүрлеп жою процедурасы немесе жою неттингі процедурасы жүзеге асырылған дәрменсіз клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын қоспағанда, дефолт болған биржа нарығының кепілдік қорының мөлшері;
- L<sub>p</sub> – клирингілік кепілдік қорының қаражаты есебінен жабылатын р-ші адал ниетті клирингілік қатысушының нетто-талаптарының мөлшері.

4. Клирингілік қорлардың қаражатын пайдалану Ережелердің 21 бабында белгіленген тәртіппен ОК-мен мәмілелер бойынша адал ниетті клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-талаптарын жою процедурасын жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады

#### **25 бап. Клиринг қорларын қалпына келтіру тәртібі**

1. Міндеттемелерін орындау үшін клирингілік қорлардың қаражаты пайдаланылған дәрменсіз клирингілік қатысушы оларды Ережелерде белгіленген шарттарда және тәртіппен толық көлемде өтеуге міндетті.
2. Дәрменсіз клирингілік қатысушы клирингілік қорлардың қаражатын қалпына келтіру (өтеу) жөніндегі міндеттемесі тіркелген клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есепті алғаннан кейін келесі есептік күн ішінде осы міндеттемені толық көлемде орындауға міндетті.

3. Адал ниетті клирингілік қатысушы Ережелердің 15 бабында анықталған тәртіппен кепілдік қорына кепілдік жарнаны қалпына келтіру жөніндегі талаппен клирингілік есепті алған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілдік жарнаны енгізуге міндетті.

Тиісті биржалық нарықтың кепілдік қорына жарнаны толтыру бойынша көрсетілген міндет адал ниетті клирингілік қатысушыда есеп айырысу күніне 1 (бір) реттен және күнтізбелік жыл ішінде 6 (алты) реттен жиі туындамайды.

4. Клирингілік қатысушы осы баптың 2 немесе 3 тармағында көрсетілген міндеттемені орындамаған жағдайда оған Ережелерде және Клирингілік қатысушылар туралы қағидада көзделген шаралар қолданылады.
5. Дәрменсіз клирингілік қатысушы осы баптың 2 тармағында көрсетілген міндеттемені орындаған жағдайда Клиринг орталығы адал ниетті клирингілік қатысушыларды:

- 1) дәрменсіз клирингілік қатысушының клирингілік қорлардың қаражатын қалпына келтіру (өтеу) жөніндегі міндеттемені орындауы туралы;
- 2) өзінің кепілдік жарнасын толықтыру жөніндегі талаптарды орындаған адал ниетті клирингілік қатысушылардың Клиринг орталығына көрсетілген соманы қайтаруға электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы өтініш беру құқығы туралы хабарландырады.

6. Осы Ережелерге сәйкес дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асыру шеңберінде адал ниетті клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарынан қаражат пайдаланылған жағдайда, адал ниетті клирингілік қатысушы Ережелерде белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиринг орталығында көрсетілген қаражатты қалпына келтіруді (өтеуді) талап етуге құқылы емес.

#### **26 бап. Тұрақсыздық айыбы**

1. Тұрақсыздық айыбы жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушыға жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы Ережелерге сәйкес өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін есептеледі.
2. ОК-сыз мәмілелер бойынша дефолтқа жол берген жосықсыз клирингілік қатысушы Клиринг орталығының "Кіру жарналары, клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағида" ішкі нормативтік құжатына сәйкес айыппұл төлейді.
3. Қор және валюта нарықтарында жасалған мәмілелер бойынша жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушы Клиринг орталығына Клиринг орталығының позицияны көшіру және (немесе) мәжбүрлеп жою процедурасын қолдану және (немесе) жою неттингі процедурасын қолдану процедурасын қолданғаны үшін қолданылған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Егер Клиринг орталығы бір клирингілік күн ішінде жосықсыз немесе дәрменсіз клиринг қатысушысының бірнеше сауда-клирингілік шоттары бойынша осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды қолданса, онда мұндай қатысушы Клиринг орталығына Клиринг орталығының әрбір сауда-клирингілік шот бойынша реттеу процедураларын қолданғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.

Клирингілік күні ішінде Клиринг орталығы осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген процедураларды жосықсыз немесе дәрменсіз клиринг қатысушысының бір сауда-клирингілік шотына бірнеше рет қолданған жағдайда, мұндай қатысушы Клиринг орталығына Клиринг орталығының реттеу процедураларын қолданғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.

4. ОК-мен мәмілелер бойынша кез келген биржалық нарықта позицияларын реттеу мәжбүрлеп жою процедурасы және (немесе) жою неттингі процедурасын бір клирингілік күннен артық қолдану арқылы жүргізілген дәрменсіз клирингілік қатысушы клирингілік күннің қорытындылары бойынша орындалмаған нетто-міндеттемеге қатысты Клиринг орталығына былайша тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті:

$$PLikv = \min(R \times 0,05\% \times D; R \times 1\%), \text{ мұндағы}$$

$PLikv$  – тұрақсыздық айыбының теңгедегі сомасы;

$\min$  – жақшада көрсетілген мәндердің ең азын анықтайтын математикалық функция;

$R$  – осы қаржы құралы бойынша соңғы сауда-саттық сессиясы жабылған сәтте осы нетто-міндеттеме көрсетілген қаржы құралының есептік бағасы бойынша есептелген теңгедегі орындалмаған нетто-міндеттеменің құны;

$D$  – орындалмаған нетто-міндеттеме орындалмаған күнтізбелік күндердің саны.

5. Егер mark-to-market клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша клирингілік қатысушыда пайда болған margin-call-ды клирингілік қатысушы Регламентте белгіленген мерзімде жоймаған жағдайда, клирингілік қатысушы Клиринг орталығына маржа бойынша осындай дефолт күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Қатарынан үш ай ішінде маржа бойынша дефолт қайтадан тіркелген жағдайда, клирингілік қатысушы Клиринг орталығына маржа бойынша осындай дефолт күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

6. Клирингілік қатысушы осы баптың 3 тармағында көрсетілген айыппұлды және осы баптың 4 тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын Клиринг



орталығы тиісті шотты ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлеу күні Клиринг орталығының корреспонденттік шотына тұрақсыздық айыбы сомасын есептеген күн болып есептеледі.

7. Клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы:
  - 1) Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесінің және/немесе Клиринг орталығының немесе оның жеке компонентінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыспен;
  - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және/немесе клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартта көзделген өз функцияларын Клиринг орталығының тиісінше орындамауымен;
  - 3) еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың іс-қимылдары мен шешімдер, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржа және/немесе Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдайдың енгізілуіне немесе төтенше жағдайдың басталуына байланысты өзге де уақиғалардың туындауымен;
  - 4) мәміленің немесе своп/репо операциясының нысанасы болып табылатын қандай да бір қаржы құралының дұрыс белгіленбеген параметрлерімен;
  - 5) клирингілік қатысушының ақылға қонымды бақылауының шегінен шығатын өзге де жағдайлармен және/немесе уақиғалармен байланысты болған жағдайларда Клирингілік қатысушыларға тұрақсыздық айыбын есептеу Клиринг орталығы Басқармасының шешімі бойынша жойылуы мүмкін.

Клиринг орталығы клирингілік қатысушының өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы Клиринг орталығының сыни маңызды өнім берушісінің немесе оның жеке компонентінің қандай да бір ақпараттық жүйесінің жұмысында туындаған техникалық жаңылыстан туындаған жағдайда жауапты болмайды.

**27 бап.**

**Дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін өндіріп алу**

1. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушыдан кез келген орындалмаған міндеттемелерді, оның ішінде:
  - 1) Клиринг орталығы ОК функцияларын орындайтын мәмілелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемелерін;
  - 2) дәрменсіз клирингілік қатысушының биржалық және клирингілік алымдарына, тұрақсыздық айыбына және өзге де берешектеріне ақы төлеу бойынша міндеттемелерін өндіріп алу мақсатында сот органдарына және өзге органдарға жүгінуге құқылы.

2. Осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген міндеттемелер бойынша дәрменсіз клирингілік қатысушыдан берешекті өндіріп алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қорытындылары бойынша Клиринг орталығы алған қаржы құралдары Ережелердің 21 бабының 12 тармағына сәйкес осы өндіріп алу алынған міндеттемелерді орындамау салдарынан туындаған Клиринг орталығының олардың алдындағы міндеттемелерді кейінге қалдырылған орындай отырып, міндеттемелерді өтеу есебіне адал ниетті клирингілік қатысушылар арасында бөлінеді.
3. Адал ниетті клирингілік қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы тәртіппен мәмілелерді ОК-сыз орындамауға немесе жоюға байланысты шығындарды өтеу туралы талапты мәмілелер бойынша клирингілік қатысушы-контрагентке қоюға құқылы.

### 3 тарау. ҚОР НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### 28 бап. Қор нарығында клирингі жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Клиринг орталығы теңгемен және АҚШ долларымен есеп айырысумен ОК-мен тәртіптерде саудаланатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша нетто негізде бірыңғай клирингі жүзеге асырады.
2. Клиринг орталығы ОК-сыз тәртіпте саудаланатын бағалы қағаздармен теңгемен есеп айырысумен мәмілелер бойынша гросс негізіндегі клирингі жүзеге асырады.
3. Клиринг орталығы қор нарығының клирингілік қатысушысына белгіленген санатқа байланысты қамтамасыз етуді, ішінара қамтамасыз етумен және толық қамтумен, сондай-ақ клирингілік қатысушылар ішінара қамтамасыз етумен жасасатын мәмілелер үшін Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, ОК-мен мәмілелер бойынша клирингі жүзеге асырады.
4. Қамтамасыз ету тәсілі, сондай-ақ клирингілік қатысушылардың ОК-сыз мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген.
5. Клиринг орталығы Регламентке сәйкес белгіленген тәртіппен есеп айырысулар қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессияда жүзеге асырылатын ОК-мен мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптарды және нетто-міндеттемелерді (бұдан әрі – клирингілік пул) анықтайды және ОК-сыз әрбір жасалған мәміле бойынша сауда-саттық барысында ОК-сыз мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді анықтайды.
6. Клиринг орталығы Ережелердің 26 бабына сәйкес қор нарығының жосықсыз/дәрменсіз клирингілік қатысушысына оларды төлеуге міндетті тұрақсыздық айыбын есептейді.
7. Клиринг орталығы клирингілік қатысушының клиринг орталығы алдындағы кез келген берешегін (тұрақсыздық айыбын қоса алғанда) төлеу үшін клирингілік қатысушының меншікті клирингілік шоты бойынша қамтамасыз етуді және/немесе оның кепілдік жарналарын пайдалануға құқылы.

#### 29 бап. Қор нарығындағы клирингілік және сауда-клирингілік шоттардың ерекшеліктері

1. Қор нарығының клирингілік қатысушыларына 1-ші деңгейдегі сауда/клирингілік/сауда-клирингілік/МП шоттары ашылады.  
Қор нарығының уәкілетті сауда-саттық қатысушыларына 2-ші деңгейдегі сауда/сауда-клирингілік шоттары ашылады.

Сауда-саттыққа қатысушылардың шоттарын кодтау сауда-саттық жүйесін пайдаланушы клиенттерді тіркеу кезінде Биржа қойған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сауда/клирингілік/сауда-клирингілік/МП шоттарын ашу/жүргізу/жабу сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды регламенттейтін ішкі құжатта анықталған тәртіппен жүзеге асырылады

### 30 бап.

#### Қамтамасыз етуді енгізу

1. ОК-мен мәмілелер бойынша міндеттемелер мен талаптарды қамтамасыз етуге және орындауға қойылатын талаптарды орындау мақсатында клирингілік қатысушыларға Орталық депозитарийде ашылған мынадай шоттар (шоттар бөлімдері) пайдаланылады:

- ақша бойынша – KASE-нің Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шоты;
- бағалы қағаздар бойынша – KASE бөлімі;
- мүліктік пулға енгізілген бағалы қағаздар бойынша – GAA loba1 бөлімі.

2. Клиринг орталығы қор нарығындағы ОК-мен мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып (ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде) қор нарығының клирингілік қатысушысына енгізілген нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды нетто негізде клиринг қорытындылары бойынша көрсетілген шоттар бойынша ақшамен есепке алу мақсатында Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінде меншікті, біріктірілген клиенттік және біріктірілген клиенттік кастодиандық қамтамасыз ету шоттарын ашады.

Орталық депозитарий қор нарығында ОК-мен мәмілелер және ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып (қағаздар бойынша есеп айырысу бөлігінде), Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде әрбір қосалқы шотта (клиенттік және меншікті) қор нарығының әрбір депонент-клирингілік қатысушысының жеке шотын ашады:

- бағалы қағаздарда енгізілген қамтамасыз етуді және ОК-мен жасалған мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптарды нетто негізде және грос негізіндегі клиринг қорытындылары бойынша ОК-сыз мәмілелер бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындауды есепке алу мақсатында KASE бөлімі;
- бағалы қағаздарға бағыт беретін ОК-сыз репо, сатып алу-сату операцияларына жататын ашу мәмілесін орындау кезінде бұғаттау мақсатында Repo бөлімі;
- клирингілік қатысушы мүліктік пулға енгізген бағалы қағаздарды есепке алу мақсатында GAloba1 бөлімі.

Орталық депозитарий қор нарығында ОК-сыз мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып (ақша бойынша есеп айырысу бөлігінде), гросс негізде ОК-сыз әрбір мәміле бойынша ақшадағы міндеттемелер мен талаптарды орындау мақсатында:

- Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылмайтын қор нарығының клирингілік қатысушысы – әрбір депонент үшін меншікті және клиенттік (біріктірілген) банк шоттарын ашады және олар бойынша есеп айырысулардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылатын қор нарығының клирингілік қатысушысы – әрбір депонент үшін Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға құжаттарды жіберуді қамтамасыз етеді.

3. Қор нарығының клирингілік қатысушысы ОК-мен мәмілелер бойынша қаржы құралдарын KASE-нің Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына және (немесе) KASE бөлімдеріне өзіне берілген санат үшін белгіленген шарттарға сәйкес және Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды орындау үшін есепке алуды қамтамасыз етуге міндетті.
4. Қор нарығының клирингілік қатысушылары ОК-мен мәмілелер бойынша тиісті валютадағы ақшаны Клиринг орталығының Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелеріне сәйкес Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланатын деректемелер бойынша аударады.
5. Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында есепке алынатын ақшамен қамтамасыз етуді енгізу және қайтару тәртібі ОК-мен мәмілелер бойынша Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ережелерінде белгіленген.
6. Бағалы қағаздарды KASE бөлімінен негізгі бөлімге қайтару Орталық депозитарий Ережелерінің жиынтығына сәйкес клирингілік қатысушы Орталық депозитарийге жіберетін қайтаруға арналған сұрау салу негізінде жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий қайтаруды ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулерді жүзеге асырған кезде ғана орындайды:

- 1) қайтарылатын бағалы қағаздарды есепке алмай есептелген сұрау салу алынған СКШ "+" және СКШ "0" бойынша есеп айырысу үшін пайдаланылатын KASE бөлімі бойынша бағалы қағаздардағы кіріс және жоспарлы позициялардың мөлшері теріс болмайды;
  - 2) KASE бөлімінде ескерілетін қайтарылатын бағалы қағаздарды есепке алмай есептелген қайтаруға сұрау салу алынған СКШ "+" бойынша бірыңғай шектелім ішінара қамтамасыз ету шарттарымен тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды немесе KASE бөлімінде ескерілетін Т+ есептерінің әрбір күні үшін бағалы қағаздардағы жоспарлы позицияның мөлшері толық қамту шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды.
7. Бағалы қағаздарды GLAlobal бөлімінен KASE бөліміне қайтару клирингілік қатысушының Клиринг орталығының "КҚС нұсқаулығы" ішкі құжатына сәйкес сауда-саттық клирингілік жүйені пайдалана отырып, Клиринг орталығына ұсынған аударуға тиісті өтінімі негізінде жүзеге асырылады.
  8. Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін Орталық депозитарийдегі Клиринг орталығының корреспонденттік шотынан ақшаны қайтару ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулер жүзеге асырылған кезде ғана орындалады:
    - 1) қайтарылатын ақшаны есепке алмай есептелген қайтаруға сұрау салу алынған СКШ "+" үшін қамтамасыз ету шотындағы ақша бойынша жоспарлы позицияның мөлшері теріс болмайды.
    - 2) қамтамасыз ету шотында ескерілетін қайтарылатын ақшаны есепке алмай есептелген қайтаруға сұрау салу алынған СКШ "+" бойынша бірыңғай шектелім ішінара қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды немесе қамтамасыз ету шотына есепке алынатын ақшамен жоспарлы позицияның мөлшері Т+ есеп айырысудың әрбір күні үшін толық қамту шартымен тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды.

9. Егер ішінара қамтамасыз ету шарттарымен тексеру жүзеге асырылатын СКШ "+" бойынша Клиринг орталығы теріс мән болып табылатын бірыңғай шектелімнің ең аз рұқсат етілген мәніне шектеу белгілеген жағдайда, онда осы баптың 6 тармағының 2) тармақшасында және 8 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тексерулер Клиринг орталығы белгілеген бірыңғай шектелімнің минималды рұқсат етілген мәнін ескере отырып орындалады.
10. Қор нарығының клирингілік қатысушысы ОК-сыз мәмілелер бойынша саудасаттық жүйесіне өтінім берген кезге дейін мәміле бойынша қаржы құралдарын мынадай шарттарда есептеуді қамтамасыз етуге міндетті:
  - ақша бойынша – Ұлттық Банктегі корреспонденттік шотқа (ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылатын клирингілік қатысушылар үшін) немесе Орталық депозитарийдегі банктік шотқа (меншікті немесе клиенттік) (есеп айырысу валютасымен туындайтын міндеттемелердің толық көлемінде ҚБЕО-да шоты бар КҚ болып табылмайтын клирингілік қатысушылар үшін) есеп айырысу валютасында туындайтын міндеттемелердің толық көлемінде;
  - бағалы қағаздар бойынша – KASE бөліміне Орталық депозитарийдегі жеке шоттың қосалқы шотының (клиенттік немесе меншікті) KASE бөліміне бағалы қағаздар бойынша туындайтын міндеттемелерді ескере отырып есептелген бағалы қағаздардағы кіріс және жоспарлы позиция теріс болмайды.

**31 бап.**

**Қор нарығындағы есеп айырысулар. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау**

1. ОК-мен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында Клиринг орталығы әрбір клирингілік күні Регламентке сәйкес клирингілік шотта ескерілетін мынадай ақпаратты басшылыққа ала отырып, СКШ+ әрбір клирингілік шоты бойынша әрбір қаржы құралы бойынша нетто-талаптарды және/немесе нетто-міндеттемелерді анықтайды:

әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясына клиринг пулының мәмілелері бойынша ағымдағы есеп айырысу күні бар клирингілік шотында ескерілетін міндеттемелер мен талаптар туралы;

осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген тәртіппен клирингілік шотында ескерілетін репо бойынша және (немесе) сатып алу-сату мәмілелері бойынша купонды бірінші есеп айырысу-клирингілік сессиясына беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптар туралы.

2. Клиринг орталығы, егер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін тіркеу күні:
  - егер тізілім күннің басында жасалған жағдайда, осы күнді қоспағанда, репо ашу мәмілесінің есеп айырысу күнінен бастап осы күнді қоса алғанда репоны жабу мәмілесінің есеп айырысу күніне дейінгі;
  - егер тізілім күннің соңында жасалған жағдайда, осы күнді қоса алғанда, репо ашу мәмілесінің есеп айырысу күнінен бастап осы күнді қоспағанда репоны жабу мәмілесінің есеп айырысу күніне дейінгі кезеңге келген жағдайда, репо сатушыдан репо сатып алушыдан ОК режимінде жасалған репо операцияларының нысанасы болып табылатын KASE бөлімінде ескерілетін бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақылар және (немесе) дивидендік төлемдер бойынша табысты беруді (бұдан әрі – репо бойынша табысты беру) жүзеге асырады.

Жүргізілген төлем мөлшеріндегі табысты беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптарды Клиринг орталығы есеп айырысу күнінде қандай да бір СКШ+ бойынша mark-to-market сессиясын өткізу кезеңінде қояды, клиринг пулының нетто-позицияларының есебіне бірінші есеп айырысу-клирингілік

сессиясына енгізіледі және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуға жатады.

  - 2) егер margin-call ағымдағы клирингілік күннен ALT 15.00-ден кешіктірмей Ережелердің 32 бабының 2 тармағында белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда (маржа бойынша дефолт);
  - 3) Ережелердің 25 бабының 3 тармағына сәйкес Клиринг орталығының кепілдік жарнаны толықтыру туралы талабын орындаудың соңғы мерзімі болып табылатын күннен кейінгі клирингілік күннің ALT 10.30-ға дейін кепілдік жарна бойынша дефолт болған жағдайда;
2. Клиринг орталығы Басқармасы клирингілік қатысушыны осы баптың 1 тармағына сәйкес дәрменсіз деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, Клиринг орталығы Ережелердің 18 бабына сәйкес дәрменсіз клирингілік қатысушының дефолтын реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асырады.

**4 тарау. ВАЛЮТА НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**38 бап.**

**Валюта нарығында клирингілік жүзеге асырудың ерекшеліктері.**

1. Клиринг орталығы валюта нарығында клирингілік қатысушылардың барлық шетел валюталарымен мәмілелері бойынша ОК функцияларын жүзеге асырады.

2. Клиринг орталығы "spot" және "своп" секцияларының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша нетто негізде клирингті жүзеге асырады.
3. Клиринг орталығы валюта нарығында клирингілік қатысушылар үшін клирингілік қызметті қамтамасыз етудің, ішінара қамтамасыз етумен және толық қамтумен жүзеге асырады.

4. Клирингілік қатысушылар жасаған валюталық своп операциялары және Биржаның ережелерінде анықталған валюта нарығының туынды қаржы құралдары болып табылатын жеткізілім фьючерстері бойынша Клиринг орталығы әрбір клирингілік қатысушы үшін вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттемелерді/алу жөніндегі талаптарды анықтайды.

Тараптар валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша мөлшері базалық актив бағасының өзгеруіне байланысты болатын вариациялық маржаны бір-біріне теңгемен ақша қаражатының сомасын кезең-кезеңмен төлеуге міндетті. Вариациялық маржа мәміле жасалған күні есептеледі және валюталық своптың/жеткізуші фьючерстің операциясын жасасқан күннен кейінгі есепті күннен бастап валюталық своптың/жеткізуші фьючерстің операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күнін қоса алғанға дейінгі кезеңде төленеді. Вариациялық маржаны есептеу және төлеу тәртібі Ережелердің 43 бабымен анықталады.

5. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларына ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінде мәмілелер жасау үшін жеке "S+" және осы баптың 6 тармағында белгіленген алып тастауды ескере отырып, клирингілік қатысушының ОК-мен мәмілелер үшін тиісті сауда-саттық шоттарымен сәйкес келетін сауда-саттыққа қатысушы ретінде клирингілік қатысушыға ашылған бір біріктірілген немесе бірнеше біріктірілген "L+" клиенттік клирингілік шоттары ашылады.

Осындай сауда-саттық шотынан жүзеге асырылатын мәмілелер/операциялар бойынша орындауды және есеп айырысуды қамтамасыз ететін сауда-саттық шоты және нөмірі бойынша оған сәйкес келетін клирингілік шоты жиынтығында сауда-клирингілік шотын (бұдан әрі – СКШ) "S+" / СКШ "L+" құрайды.

СКШ "S+" / СКШ "L+" ашу/жабу Клиринг орталығы Басқармасының валюта нарығында клирингілік қатысушы мәртебесін беру/одан айыру туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шоттарды жабу тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Ұлттық Банкке Ұлттық Банктегі сенімгерлік басқарудағы активтерді сегрегацияланған есепке алу мақсатында жекелеген клиенттік клирингілік шоттар, сондай-ақ егер Ұлттық банк осындай активтер есебінен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін жекелеген корреспонденттік шоттарды анықтаған жағдайда Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі жекелеген ақшалай есепке алу шоттары мен қосалқы шоттар ашылады.

7. СКШ "S+" / СКШ "L+" мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) СКШ "S+" / СКШ "L+" пайдалана отырып жүзеге асырылатын мәмілелер, өтінімдер және өзге де операциялар туралы;
- 2) нетто-негізде есептелетін ақша бойынша, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген операциялар бойынша, сондай-ақ валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша вариациялық маржаны төлеу/алу жөніндегі міндеттемелер бойынша талаптар мен міндеттемелер;
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді орындауға арналған, сондай-ақ қамтамасыз

- ету ретінде ақшаны есепке алуға арналған шоттардағы валюталар бөлігінде ақша бойынша позициялар туралы;
- 4) СКШ "S+" / СКШ "L+" ескерілетін бірыңғай шектелім туралы, margin-call мөлшері туралы;
  - 5) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген ақша бойынша позициялары ескерілетін есеп айырысу ұйымдарындағы шоттар туралы.
8. Клиринг орталығы Регламентке сәйкес белгіленген тәртіппен қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессияда есеп айырысулар жүзеге асырылатын мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді (бұдан әрі – клирингілік пул) анықтайды.

**39 бап. Валюта нарығындағы есеп айырысулар. Қамтамасыз етуді өнгізу**

1. Клиринг орталығы валюта нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы бола отырып, клирингілік қатысушыға клиринг қорытындылары бойынша көрсетілген шоттар бойынша өнгізілген нетто-міндеттемелерді және ақшадағы нетто-талаптарды қамтамасыз ету мен орындауды есепке алу мақсатында ішкі меншікті және (қажет болған кезде) клиенттік біріктірілген қамтамасыз ету шоттарын ашады.
2. Валюта нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу Валюталармен есеп айырысу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
3. Валюта нарығында есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында Клиринг орталығы әрбір клирингілік күні Регламентке сәйкес клирингілік шотта ескерілетін мынадай ақпаратты басшылыққа ала отырып, әрбір СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша әрбір валюта бойынша нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді анықтайды:
  - әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясында клиринг пулының мәмілелері бойынша ағымдағы есеп айырысу күні бар клирингілік шотында ескерілетін міндеттемелер мен талаптар туралы;
  - T0 есептеу үшін Ережелердің 43 бабында белгіленген тәртіппен негізгі есеп айырысу-клирингілік сессиясына клирингілік шотында есепке алынатын және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуға тиіс вариациялық маржаны беру жөніндегі міндеттемелер және алу жөніндегі талаптар туралы.
4. Вариациялық маржаны беру жөніндегі міндеттемелер мен талаптарды Клиринг орталығы СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша mark-to-market клирингілік сессияны өткізу кезеңінде міндеттемелері тоқтатылмаған валюталық своптың/жеткізуші фьючерстің операциясын жасау күнінен кейінгі әрбір есеп айырысу күнінде қояды.
5. Өзінің нетто-міндеттемелерін орындау үшін валюта нарығының клирингілік қатысушысы есеп айырысуды жүзеге асыру күнінің әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясының Регламентінде белгіленген қаржы құралдарын клирингілік қатысушылардың жеткізуінің соңғы уақытына (бұдан әрі – cut-off time) дейін ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінде тиісті валюта үшін cut-off time уақытына қарай көрсетілетін ақша бойынша есеп айырысу позициялары теріс болып табылмайтын кезде Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына ақша аудару арқылы осы баптың 1 тармағына сәйкес есептелген нетто-позициялардың орындалуын қамтамасыз ететін СКШ "S+" / СКШ "L+" (меншікті, клиенттік біріктірілген) қаржы құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясында cut-off time уақытына клирингілік қатысушылар орындауға жататын нетто-міндеттемелер туралы ақпарат есеп айырысу-клирингілік сессиясы басталған сәтте тіркеледі және

клирингілік қатысушыларға Регламентке сәйкес клирингілік есепті жіберу арқылы ұсынылады.

Клиринг орталығының ақша бойынша қорытынды нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді орындауы Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінде клирингілік қатысушыларға ашылған қамтамасыз ету шоттары (меншікті, біріктірілген клиенттік) бойынша Регламентте белгіленген есеп айырысу-клирингілік сессиясының аяқталу уақытынан кешіктірмей жүзеге асырылады.

6. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларының жасалған мәмілелер бойынша өздерінің нетто-міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдер беру және мәмілелер жасасу мақсатында ақша енгізуі Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына Валюталармен есеп айырысу ережелерінде белгіленген мерзімде және шарттарда жүзеге асырылады.
7. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін тиісті валютада ақша аудару төлем құжаттарында төлем мақсатын білдіретін арнайы кодтар көрсетіле отырып жүзеге асырылады. Мұндай кодтардың тізімі Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланған.
8. Валюта нарығының клирингілік қатысушысының төлем тәртібін бұзғаны үшін айыппұл Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.
9. Клирингілік қатысушы төлеуге тиіс міндеттемелерді орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін айыппұл Ережелердің 26 бабында анықталған.
10. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларына оның қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін ақшаны қайтару тәртібі мен шарттары Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.
11. Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарынан ақшаны қайтару ASTS+ сауда-саттық клирингілік жүйесінде мынадай оң тексерулер жүзеге асырылған кезде ғана орындалады:
  - 1) СКШ "S+" / СКШ "L+" үшін қамтамасыз ету шотындағы қайтарылатын ақшаны есепке алмай есептелген қайтаруға сұрау алынған ақша бойынша жоспарлы позицияның мөлшері теріс болмайды;
  - 2) ақшаны қайтаруға сұрау салу алынған, қамтамасыз ету шотында ескерілетін қайтарылатын ақшаны есепке алмай есептелген СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша бірыңғай шектелім ішінара қамтамасыз ету шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды немесе қамтамасыз ету шотында ескерілетін ақшамен жоспарлы позицияның мөлшері T + есептеудің әрбір күні үшін толық қамту шарттарында тексеру жүзеге асырылатын клирингілік шотқа қатысты теріс болмайды.
12. Егер ішінара қамтамасыз ету шарттарымен тексеру жүзеге асырылатын СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша Клиринг орталығы теріс мән болып табылатын бірыңғай шектелімнің минималды рұқсат етілген мәніне шектеу белгілеген жағдайда, онда осы баптың 11 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тексерулер Клиринг орталығы белгілеген бірыңғай шектелімнің минималды рұқсат етілген мәнін ескере отырып орындалады.

#### 40 бап.

#### **Mark-to-market клирингілік сессияларын өткізу тәртібі**

1. Регламентте белгіленген мерзімде Клиринг орталығы валюта нарығында мынадай мақсаттарда mark-to-market клирингілік сессиясын өткізеді:
  - 1) Әдістемеге сәйкес тәуекел-параметрлердің жаңа мәндерін анықтайды;

- 2) әрбір СКШ "S+" / СКШ "L+" үшін қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау мақсатында бірыңғай шектелімнің жаңа мәндерін есептеуді жүзеге асырады;
  - 3) әрбір СКШ "S+" / СКШ "L+" үшін margin-call (ол болған жағдайда) мөлшерін анықтайды;
  - 4) әрбір СКШ "S+" / СКШ "L+" үшін вариациялық маржаны алу бойынша беру/талап ету бойынша міндеттемелер қояды;
  - 5) валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша қарсы біртекті міндеттемелердің тоқтатылуын ескереді;
  - 6) вариациялық маржа бойынша мәмілелерді қалыптастырады;
  - 7) margin-call туындаған және (немесе) вариациялық маржаны беру бойынша талаптар және (немесе) міндеттемелер қойылған клирингілік қатысушыларға есептерді қалыптастырады және жібереді.
2. Клирингілік қатысушыда mark-to-market клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша пайда болған margin-call-ды клирингілік қатысушы ағымдағы клирингілік күннің 14.00 ALT дейін:
- 1) Клиринг орталығының тиісті СКШ "S+" / СКШ "L+" бағанында ескерілетін корреспонденттік шоттарына қаржы құралдарын (қамтамасыз етуге қабылданатын валюта) енгізу;
  - 2) қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін жоятын мәмілелер жасасу арқылы жоюы тиіс.
3. Margin-call ОК-мен мәмілелер бойынша клирингілік шот бойынша бірыңғай шектелім mark-to-market клирингілік сессияның қорытындылары бойынша теріс болған клирингілік қатысушыда пайда болады. Margin-call сомасы көрсетілген бірыңғай шектелімнің абсолюттік мәніне тең.
4. СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша клирингілік қатысушыда пайда болған margin-call осындай шот бойынша бірыңғай шектелім теріс болмаған сәтте тоқтатылды деп есептеледі.
5. Клирингілік қатысушы margin-call-ды осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, мұндай клирингілік қатысушы Ережелердің 46 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес дәрменсіз деп танылады.
6. Mark-to-market клирингілік сессиясы барысында вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттемелерді анықтағаннан және осы баптың 1 тармағында көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындағаннан кейін Клиринг орталығы Ережелердің осы бабының 1 тармағының 5) тармақшасына сәйкес қарсы және біртекті болып табылатын міндеттемелерді анықтайды және валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша қарсы және біртекті міндеттемелердің тоқтатылуын ескереді, бұл ретте бірінші кезекте жасасу күні мен уақыты неғұрлым ертерек валюталық своп операцияларының/жеткізілім фьючерстерінің мәмілелері бойынша міндеттемелер тоқтатылады.
7. Есеп айырысу-клирингілік сессиясы барысында тоқтатылуға жататын валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша қарсы біртекті міндеттемелер деп барлық мынадай талаптарды қанағаттандыратын валюталық своп операцияларын жабу мәмілелері / жеткізілім фьючерстері бойынша міндеттемелер түсініледі:
- бір түрдегі туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер (жеткізу немесе есеп айырысу) болып табылады;
  - қарама-қарсы бағыттағы міндеттемелер болып табылады;
  - лот валютасы мен есеп айырысу валютасы бірдей;
  - бір орындау күні бар міндеттемелер болып табылады;



- лоттары бірдей міндеттемелер болып табылады;
  - клирингілік қатысушының бір коды көрсетілген өтінімдер негізінде жасалған своп мәмілелері бойынша міндеттемелер болып табылады.
8. Клиринг орталығы ағымдағы есеп айырысу күні анықталған есеп айырысу бағасының міндеттемелері тоқтатылмаған жасалған валюталық своп операцияларының /жеткізілім фьючерстерінің санына көбейтіндісі ретінде есептелген валюталық своп операцияларын жабу мәмілелері / жеткізілім фьючерстері бойынша міндеттемелер сомасының өзгеруін ескере отырып, тиісті есеп айырысу күнімен теңгедегі нетто-міндеттемелерді/нетто-талаптарды қайта есептейді.

**41 бап.**

**Валюта нарығында клирингі жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқаруға бағытталған шаралар тізбесі**

1. Валюта нарығында клирингі жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқаруға бағытталған шаралар тізбесі мынадай элементтерден тұрады:
  - 1) клирингілік қатысушының мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілін анықтайтын осындай клирингілік қатысушыға белгіленген санаттағы талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында валюта нарығының клирингілік қатысушысының қаржылық жай-күйінің кезеңдік негіздегі мониторингі;
  - 2) Әдістемеге сәйкес анықталатын валюта нарығының қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері;
  - 3) Клирингілік қатысушылар туралы ережелерге сәйкес ішінара қамтамасыз ете отырып, белгілі бір клирингілік қатысушыларға Клиринг орталығы Басқармасы белгілейтін маржаның жеке мөлшерлемелері (бұдан әрі – маржаның жеке мөлшерлемелері);
  - 4) Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарында клирингілік қатысушыларды қамтамасыз ету;
  - 5) нетто-позицияларды қайта бағалау және қамтамасыз ету, нарықтық және пайыздық тәуекелдерді бағалау;
  - 6) бірыңғай шектелімді есептеу арқылы ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау;
  - 7) вариациялық маржа;
  - 8) Клиринг орталығы бірыңғай шектелімді өзгертуге қоятын, бірыңғай шектелімге Клиринг орталығы анықтаған деңгейден төмен төмендеуге мүмкіндік бермейтін шектеулер;
  - 9) клирингілік қатысушының сауда-клирингілік шоттары бойынша және/немесе қаржы құралдары бойынша белгіленетін "қысқа сатуға тыйым салу" және "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салу" белгілері;
  - 10) "қысқа сатуға тыйым салу"/ "қамтамасыз етілмеген сатып алулар" белгісі бар толық қамтумен валюта нарығының клирингілік қатысушысын немесе қаржы құралын толық көлемде қамтамасыз етуді алдын ала бақылау;
  - 11) Клиринг орталығының Басқармасы белгілейтін ішінара қамтамасыз етумен клирингілік қатысушының нетто-позицияларын ашу шектелімдері;
  - 12) валюта нарығының клирингілік сақтық қоры;
  - 13) валюта нарығының клирингілік кепілдік қоры;

- 14) күн сайынғы негізде валюта нарығының клирингілік кепілдік қорына ішінара қамтамасыз ете отырып, валюта нарығының клирингілік қатысушыларының кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау;
  - 15) дефолттарды реттеу жөніндегі процедуралар;
  - 16) осы Ережелерге сәйкес валюта нарығының клирингілік қатысушылары алдындағы мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде Клиринг орталығының жауапкершілігін шектеу.
2. Қаржы құралдарының баға шекараларын белгілеу/өзгерту тәртібі Әдістемеде анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.
  3. ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде ішінара қамтамасыз ету шарттарында мәмілелер жасау мақсатында әрбір қаржы құралы үшін сауда-клирингілік шоттар бойынша бірыңғай шектелімді есептеу үшін пайдаланылатын тәуекел-параметрлер белгіленеді, оның негізінде есеп айырысу күні әлі басталмаған берілетін өтінімдер мен мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау жүзеге асырылады.

Толық қамту шарттарында мәмілелер жасау мақсатында ASTS + сауда-саттық клирингілік жүйесінде есеп айырысу күні әлі басталмаған берілетін өтінімдер мен мәмілелер бойынша ақша бойынша міндеттемелердің толық өтелуін бақылау үшін "қысқа сатуға тыйым салу" және/немесе "қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салу" белгісі белгіленеді:

- 1) клирингілік қатысушының сауда-саттық коды бойынша – бұл жағдайда осы клирингілік қатысушының барлық сауда-клирингілік шоттары (меншікті және клиенттік) осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігі тексерілетін болады;
  - 2) клирингілік қатысушының белгілі бір сауда-клирингілік шоты бойынша – бұл жағдайда тек көрсетілген сауда-клирингілік шот (меншікті немесе клиенттік) осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігі тексерілетін болады;
  - 3) қаржы құралдары бойынша – бұл жағдайда өзіне қатысты белгі белгіленген қаржы құралы бойынша барлық клирингілік қатысушылардың барлық сауда-клирингілік шоттары бойынша берілетін өтінімдер мен жасалатын мәмілелер осы белгімен белгіленген шарттарға сәйкестігі тексерілетін болады.
4. Т+ қамтамасыз ету тізіміне кіретін қаржы құралдары ішінара қамтамасыз етумен мәмілелерді орындау үшін қамтамасыз ету ретінде қабылданатын қаржы құралдары болып табылады.
  5. Ішінара қамтамасыз етумен валюта нарығының клирингілік қатысушысы өзіне берілген санат үшін белгіленген шарттарға сәйкес және Ережелердің 2 бабының 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне қойылатын талаптарды орындау үшін қаржы құралдарын Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.
  6. Егер мұндай пайдалану оның валюта нарығындағы бірыңғай шектелімнің теріс мәніне әкеп соқса, ішінара қамтамасыз етумен валюта нарығының клирингілік қатысушысы Клиринг орталығын қамтамасыз ету шоттарында сақталатын қаржы құралдарын қайтаруды талап ете алмайды.
  7. Егер соңғы есеп айырысу-клирингілік сессиясының есеп айырысу нәтижелері бойынша кепілдік жарнаның мөлшері бойынша талап орындалмаған жағдайда, клирингілік есепте кепілдік жарнаны толықтыру қажеттігі туралы тиісті талаптар (ол жеткіліксіз болған жағдайда) көрсетіледі.
  8. Клирингілік кепілдік қорларға кепілдік жарналардың мөлшері, сондай-ақ оларды енгізу және қайтару тәртібі Ережелердің 15 бабында белгіленген.

**42 бап. Валюта нарығындағы бірыңғай шектелім**

1. Валюта нарығында бірыңғай шектелімді қолданудың мақсаты ішінара қамтамасыз ете отырып, валюта нарығының клирингілік қатысушысының клирингілік шоты бойынша өтінімдер беру және мәмілелер жасау үшін қажетті қамтамасыз етудің жеткіліктілік деңгейін өлшеу және қолдау болып табылады.
2. Валюта нарығындағы бірыңғай шектелім валюта нарығының клирингілік қатысушысының СКШ "S+" меншікті шоты бойынша және клирингілік қатысушысының СКШ "L+" клиенттік шоты бойынша (ол болған жағдайда) жеке есептеледі.
3. СКШ "S+" / СКШ "L+" сауда-клирингілік шоты бойынша бірыңғай шектелім:  
СКШ-мен мәмілелер жасасуға өтінімдер беру кезінде ішінара қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін алдын ала бақылау;  
СКШ пайдалана отырып жасалған ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің қажетті жеткіліктілік деңгейін оларды орындау сәтіне дейін ұстап тұру мақсатында пайдаланылады.
4. Қандай да бір СКШ бойынша бірыңғай шектелім мынадай жағдайлардың кез келгені туындаған кезде есептеледі:
  - 1) СКШ-мен мәмілелер жасасуға өтінімдер берген кезде;
  - 2) СКШ бойынша мәміле жасасу кезінде;
  - 3) СКШ бойынша міндеттемелер мен талаптарды орындау/тоқтату кезінде;
  - 4) СКШ-на/СКШ-нан қамтамасыз етуді енгізу/қайтару кезінде;
  - 5) қаржы құралдарының тәуекел-параметрлері өзгерген кезде.
5. СКШ бойынша бірыңғай шектелім:
  - 1) ақшамен СКШ-да есепке алынатын қамтамасыз етуді;
  - 2) есеп айырысудың барлық күндерімен ішінара қамтамасыз етілген мәмілелер бойынша ақша бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді;
  - 3) "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленген шетел валютасымен мәмілелер бойынша ақшадағы нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді;
  - 4) вариациялық маржаны беру жөніндегі міндеттемелерді/алу жөніндегі талаптарды;
  - 5) Ережелерге сәйкес өзге де талаптар мен міндеттемелерді ескере отырып есептеледі.
6. Mark-to-market клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша есептелген бірыңғай шектелім margin-call мөлшерін анықтайды, оның теріс мәні клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерінің мөлшерін төмендететін қамтамасыз етуді немесе мәмілелер жасасуды толықтыру қажеттігін білдіреді.
7. Бірыңғай шектелім теңгемен есептеледі.
8. Бірыңғай шектелімді есептеу тәртібі барлық СКШ "S+" / СКШ "L+" үшін бірдей.
9. СКШ бойынша бірыңғай шектелім:
  - барлық есеп айырысу күндерімен, нетто-міндеттемелердің, нетто-талаптардың әділ құнын, әрбір қаржы құралы бойынша T0 есеп

айырысу күнімен талап ретінде ескерілетін қамтамасыз етуді (бұдан әрі – Портфель) бағалауды;

- әрбір қаржы құралы бойынша Портфельдердің нарықтық тәуекелін;
- әрбір қаржы құралы бойынша Портфельдердің пайыздық тәуекелін ескере отырып есептеледі.

10. Бірыңғай шектелімнің құрылымы:

- 1) портфельдің теңгемен құны;
- 2) нарықтық тәуекелді ескере отырып, әрбір шетел валютасы бойынша портфельдер құнының сомасы;
- 3) әрбір шетел валютасы бойынша портфельдердің пайыздық тәуекел сомасы.

$$EL = \text{Portfolio}_{KZT} + \sum_{\text{Curr}=1\dots N} \text{Portfolio}_{\text{Curr}} - \sum_{f=1\dots N} \text{IRRisk}_f, \text{ мұндағы:}$$

Curr – шетел валютасы.

11. Портфельдің теңгемен құны  $T_i$  есеп айырысудың барлық күндерімен нетто-міндеттемелер мен нетто-талаптардың сомасы және теңгемен қамтамасыз ету сомасы ретінде есептеледі:

$$\text{Portfolio}_{KZT} = \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{KZTT_i} + \text{Collateral}, \text{ мұндағы}$$

$T_i$  – нетто-позицияны есептеу күні;

$T_0$  – ағымдағы сауда-саттық күнінің күні;

$T_n$  – қандай да бір нетто-позиция бар есептеулердің соңғы күні;

$Q_{KZTT_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күнімен теңге бойынша нетто-позиция (нетто-талап кезінде "+" белгісімен, нетто-міндеттемелер кезінде "-" белгісімен);

Collateral – теңгемен қамтамасыз ету сомасы.

12. Нарықтық тәуекелді ескере отырып, шетел валютасы Портфелінің құны шетел валютасының ағымдағы есептік бағаларының ауытқу тәуекелін ескере отырып, оның ағымдағы нарықтық құнын бағалауға мүмкіндік береді.

Есеп айырысу бағаларының ықтимал ауытқу шамасы маржа мөлшерлемесімен немесе шетел валютасы портфелінің мөлшеріне байланысты қолданылатын шоғырлану мөлшерлемесімен сипатталады.

Шетел валютасы портфелінің құны мынадай түрде есептеледі:

$$\text{Portfolio}_{\text{Curr}} = \sum_{T_i=T_0}^{T_n} F_{\text{Curr}T_i} + \begin{cases} \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \times X, & \text{егер } |\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| \leq L_{\text{conc}} \\ \text{sign}(L_{\text{conc}}) \times X + (|\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| - L_{\text{conc}}) \times Y, & \text{егер } |\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i}| > L_{\text{conc}} \end{cases}$$

$$X = \begin{cases} PH_{-1_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \leq 0 \\ PL_{-1_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} > 0 \end{cases}$$

$$Y = \begin{cases} PH_{-2_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} \leq 0 \\ PL_{-2_{\text{Curr}}}, & \sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{\text{Curr}T_i} > 0 \end{cases}$$

$Q_{CurrT_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күнімен шетел валютасы бойынша нетто-позиция ("+" белгісі бар нетто-талап немесе "-" белгісі бар нетто-міндеттеме).

$Curr$  шетел валютасымен қамтамасыз ету  $T_0$  есептеу күнімен нетто-позицияны есептеу кезінде  $T_0$  есеп айырысу күнімен талап ретінде ескеріледі;

$F_{CurrT_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күнімен  $Curr$  шетел валютасы бойынша нетто-позицияның форвардтық құны;

$L_{conc}$  – Комитет бекіткен және Әдістемеге сәйкес анықталатын  $Curr$  шетел валютасы үшін шоғырлану шектелімі;

$RH_{1Curr}$ ,  $PL_{1Curr}$  – маржа мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін шетелдік валюта бойынша нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекарасы;

$RH_{2Curr}$ ,  $PL_{2Curr}$  – шоғырлану мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін, екінші деңгейдегі нарықтық тәуекелді бағалау диапазонының жоғарғы немесе төменгі шекарасы;

$Sign$  –  $\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{CurrT_i}$  белгісі, егер  $\sum_{T_i=T_0}^{T_n} Q_{CurrT_i} > 0$ , онда  $sign$  "+", керісінше жағдайда  $sign$  "-".

13. Бағалы қағаз немесе  $f$  шетел валютасы бойынша  $T_i$  есеп айырысу күнімен нетто-позицияның форвардтық құны мынадай түрде есептеледі:

$$F_{CurrT_i} = Q_{T_i} \times Rate\_Curr_{T_i}, \text{ мұндағы}$$

$Rate\_Curr_{T_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күні үшін шетел валютасының  $Curr$  есеп айырысу бағамы;

14. Белгілі бір шетел валютасы бойынша Портфельдің пайыздық тәуекелі шетел валютасымен операциялардың және/немесе валюталық своп операцияларының және/немесе жеткізілім фьючерстерінің есеп айырысу бағаларының құбылмалылығына байланысты тәуекелді бағалайды.

Пайыздық мөлшерлемелердің ықтимал өзгеруінің шамасы белгілі бір шетел валютасы бойынша есеп айырысудың белгілі бір күнімен нетто-позицияның мөлшеріне байланысты қолданылатын пайыздық тәуекел мөлшерлемесімен немесе шоғырлану кезіндегі пайыздық тәуекел мөлшерлемесімен сипатталады.

Шетел валютасы бойынша Портфельдің пайыздық тәуекелі әрбір есеп айырысу күні бойынша барлық нетто-позициялардың пайыздық тәуекел мөлшерінің сомасын білдіреді және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IRRisk_{Curr} = \sum_{T_i=T_0}^{T_n} IRRisk_{CurrT_i}$$

Белгілі бір  $Curr$  шетелдік валютасы бойынша  $T_i$  есеп айырысудың белгілі күнімен үшін нетто-позицияның пайыздық тәуекелі мынадай түрде есептеледі:

$$IRRisk_{currT_i} = \begin{cases} Q_{CurrT_i} \times (RRH_{1_{currT_i}} - Rate\_Curr_{T_i}), & \text{егер } |Q_{CurrT_i}| \leq L_{conc} \text{ және } Q_{CurrT_i} < 0; \\ Q_{CurrT_i} \times (Rate\_Curr_{T_i} - RRL_{1_{T_i}}), & \text{егер } |Q_{CurrT_i}| \leq L_{conc} \text{ және } Q_{CurrT_i} > 0; \\ Q_{CurrT_i} \times (RRH_{2_{currT_i}} - Rate\_Curr_{T_i}), & \text{егер } |Q_{CurrT_i}| > L_{conc} \text{ және } Q_{CurrT_i} < 0; \\ Q_{CurrT_i} \times Rate\_Curr_{T_i} - RRL_{2_{T_i}}, & \text{егер } |Q_{CurrT_i}| > L_{conc} \text{ және } Q_{CurrT_i} > 0; \end{cases}$$

$Rate\_Curr_{T_i}$  –  $T_i$  есеп айырысу күні үшін  $Curr$  шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

RRH\_1CurrTi, RRL\_1CurrTi - пайыздық тәуекел мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін шетелдік валюта бойынша пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекарасы;

RRH\_1CurrTi, RRL\_1CurrTi – Curr шетел валютасы бойынша екінші деңгейдегі пайыздық тәуекелдерді бағалау диапазонының пайыздық тәуекел мөлшерлемесінен анықталатын және Әдістемеге сәйкес есептелетін жоғарғы және төменгі шекарасы.

#### 43 бап. Вариациялық маржа

1. Валюталық своп операциясы жасалған күні валюталық своп операциясы бойынша вариациялық маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_SwapT = (Rate\_Curr_{Ti}(T) - (SwapBaseCurr + PriceSwap)) \times L, \text{ мұндағы}$$

VM\_SwapT – валюталық своп операциясы бойынша валюталық своп операциясы жасалған күнгі вариациялық маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(T) – SwapBaseCurr Әдістемесіне сәйкес ағымдағы сауда күні (T) анықталған Ti есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы – Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес анықталған валюталық своп операциясының базалық бағамы;

PriceSwap – валюталық своп операциясы жасалған баға;

L – валюталық своп операциясының лоты.

2. Валюталық своп операциясын жасасқан күннен кейінгі күннен бастап және валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күнін қоса алғанда, міндеттемелері тоқтатылмаған валюталық своп операциясы бойынша вариациялық маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_SwapTn = (Rate\_Curr_{Ti}(Tn) - (Rate\_Curr(Tn-1))) \times L, \text{ мұндағы}$$

VM\_SwapTi – валюталық своп операциясын жасаған күннен кейінгі күннен бастап және келісімшарттың валюталық свопы операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күнін қоса алғанда, сауда-саттық күніндегі валюталық своп операциясының мәмілелері бойынша вариациялық маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn) – Әдістемеге сәйкес сауда-саттық күні (Tn) анықталған Ti есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(Tn-1) – Әдістемеге сәйкес сауда-саттық күні (Tn-1) анықталған Ti есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

L – валюталық своп операциясының лоты.

3. Жеткізілім фьючерсімен мәміле жасалған күні жеткізілім фьючерсі бойынша вариациялық маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_FWD(T) = (Rate\_Curr_{Ti}(T) - PriceFWD) L \times, \text{ мұндағы}$$

VM\_FWD (T) – мәміле жасалған күнгі жеткізуші фьючерспен мәміле бойынша вариациялық маржа;

Rate\_Curr<sub>Ti</sub>(T) – Әдістемеге сәйкес сауда-саттық күні (T) анықталған Ti есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

PriceFWD – жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша баға;

L – жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша лот.

4. Жеткізілім фьючерсімен мәміле жасалған күннен кейінгі күннен бастап және жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша вариациялық маржа мынадай формула бойынша есептеледі:

$$VM\_FWD(T_n) = (Rate\_Curr_{T_i}(T_n) - (Rate\_Curr(T_n-1))) \times L, \text{ мұндағы}$$

VM\_FWD (T<sub>n</sub>) – жеткізілім фьючерсі жасалған күннен кейінгі күннен бастап жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейінгі сауда-саттық күніндегі жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша вариациялық маржа;

Rate\_Curr<sub>T<sub>i</sub></sub>(T<sub>n</sub>) – Әдістемеге сәйкес сауда-саттық күні (T<sub>n</sub>) анықталған T<sub>i</sub> есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

Rate\_Curr<sub>T<sub>i</sub></sub>(T<sub>n-1</sub>) – Әдістемеге сәйкес сауда-саттық күні (T<sub>n-1</sub>) анықталған T<sub>i</sub> есеп айырысу күні үшін Curr шетел валютасының есеп айырысу бағамы;

L – жеткізілім фьючерсімен мәміле бойынша лот.

5. Валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша сатушы болып табылатын клирингілік қатысушы үшін Клиринг орталығы мынадай формула бойынша вариациялық маржаны есептейді:

$$VM_{sell} = (-N_i) \times VM, \text{ мұндағы}$$

N<sub>i</sub> – міндеттемелері тоқтатылмаған және клирингілік қатысушы сатушы болып табылатын i-ші базалық активпен валюталық своптың жасалған операцияларының /жеткізілім фьючерстерінің саны;

VM – осы баптың 1-4 тармақтарына сәйкес есептелген валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша вариациялық маржа.

6. Клирингілік қатысушы – сатып алушы үшін валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша Клиринг орталығы мынадай формула бойынша VM<sub>buy</sub> шамасын есептейді:

$$VM_{buy} = N \times VM, \text{ мұндағы}$$

N<sub>i</sub> – міндеттемелері тоқтатылмаған және клирингілік қатысушы сатып алушы болып табылатын i-ші базистік активпен валюталық своп операциялары /жеткізілім фьючерстері бойынша жасалған саны;

VM – осы баптың 1-4 тармақтарына сәйкес есептелген валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша вариациялық маржа.

7. Егер осы баптың 4 немесе 5 тармақтарына сәйкес есептелген мән теріс болса, бұл клирингілік қатысушының VM<sub>sell</sub> немесе VM<sub>buy</sub> абсолюттік мәніне тең мөлшерде вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттемесінің болуын, егер оң болса – клирингілік қатысушының VM<sub>sell</sub> немесе VM<sub>buy</sub> мәніне тең мөлшерде вариациялық маржаны алу жөніндегі талабының болуын білдіреді.

8. Вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттемелер/алу бойынша талаптар клирингілік қатысушының СКШ "S+" / СКШ "L+" ескеріледі.

9. Осы бапқа сәйкес вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттемелерді/алу бойынша талаптарды анықтағаннан кейін және Ережелердің 40 бабының 6 тармағына сәйкес валюталық своп операциялары/жеткізілім фьючерстері бойынша міндеттемелердің тоқтатылуы ескерілгенге дейін Клиринг орталығы:

- 1) белгілі бір базалық активі және валюталық своп операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күні бар валюталық своптың әрбір операциясы үшін валюталық своп операцияларын жабу мәмілесі бойынша сатып алушы міндеттемелері тоқтатылмаған жасалған валюталық своп операцияларының санына ағымдағы есептік күні анықталған есеп айырысу бағасының туындысы ретінде валюталық своп операцияларын жабу мәмілесі бойынша сатушыға төлеуге міндетті теңгемен соманы есептейді;
  - 2) белгілі бір базалық активі және орындалу күні бар әрбір жеткізілім фьючерстері үшін жеткізілім фьючерстері бойынша сатып алушы ағымдағы есеп айырысу күні анықталған есеп айырысу бағасының міндеттемелері тоқтатылмаған жеткізуші фьючерстерімен жасалған мәмілелер санына туындысы ретінде жеткізілім фьючерстері бойынша сатушыға төлеуге міндетті теңгедегі соманы есептейді;
  - 3) осы баптың 5 және 6 тармақтарына сәйкес есептелген валюталық своп операциясын/жеткізілім фьючерсін жабу мәмілесі бойынша міндеттемелер сомасының өзгеруін ескере отырып, орындалған тиісті күнмен теңгедегі нетто-міндеттемелердің/нетто-талаптардың мәнін қайта есептейді;
  - 4) вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттемелерді/алу бойынша талаптарды Клиринг орталығы клирингілік қатысушының СКШ "S+" / СКШ "L+" бойынша mark-to-market сессиясын өткізу кезеңінде қояды және T0 есептеу үшін негізгі есеп айырысу-клирингілік сессияға енгізіледі және Регламентте анықталған тәртіппен орындалуға жатады.
10. Клиринг орталығы төленген және/немесе алынған вариациялық маржа сомасына пайыздарды есептемейді және төлемейді.

#### 44 бап.

#### **Клирингілік қатысушыны валюта нарығында жосықсыз деп тану**

1. Клирингілік қатысушы мынадай жағдайлар басталған кезде Клиринг орталығы органдарының қандай да бір шешім қабылдауынсыз валюта нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысы болып танылады:
  - 1) осы клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету шоттарында оған дейін клирингілік қатысушы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына Валюталармен есеп айырысу ережелеріне сәйкес Клирингілік қатысушы есепке алуы тиіс уақыт сәтінде (бұдан әрі – cut-off time уақыты) нетто-міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша жоқ (нетто-міндеттемелердің дефолты);
  - 2) 25 баптың 3 тармағында белгіленген мерзімде кепілдік жарнаны қалпына келтіру жөніндегі талапты ішінара қамтамасыз ете отырып, валюта нарығының клирингілік қатысушысы орындамаған (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Валюта нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп тану Ережелердің 16 бабы 2 тармағының талаптары орындалған кезде жүзеге асырылады.
3. Валюта нарығының клирингілік қатысушысы жосықсыз деп танылған кезде Ережелердің 16 бабында анықталған жалпы іс-әрекеттерді жүзеге асырады.
4. Валюта нарығының клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында жосықсыз деп танылған кезде Клиринг орталығы Ережелердің 45 бабына сәйкес позицияны көшіру процедурасын жүзеге асырады.
5. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдай бойынша дефолт туындаған кезде Клиринг орталығының клирингілік бөлімшесі



дефолт болған күннен кейінгі клирингілік күннің 10.00 ALT дейін Клиринг орталығы Басқармасының қарауына жосықсыз клиринг қатысушысы – Клиринг орталығының мүшесін Клиринг орталығының "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" ішкі құжатына сәйкес барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан шеттетуді және/немесе клирингілік қатысушының санатын "ішінара қамтамасыз етуден" "толық қамтумен" санатына өзгертуді және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұруды және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тануды қоса алғанда, жосықсыз клирингілік қатысушыға қатысты қандай да бір шараларды қолданбау не қолдану туралы мәселені шығарады.

#### 45 бап.

#### Валюта нарығындағы позицияны ауыстыру процедурасы

1. Валюта нарығының клирингілік қатысушысы нетто-міндеттемелердің дефолты жағдайында жосықсыз деп танылған жағдайда, Клиринг орталығы жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеу үшін осы баптың 3 тармағында көрсетілген мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады.
2. Клиринг орталығының адал ниетті клиринг қатысушылары алдындағы нетто-міндеттемелерін орындау мақсатында Клиринг орталығы төменде санамаланған кез келген тәсілмен реттеуді жүзеге асырады:
  - 1) Провайдер-банкпен осы баптың 5 тармағында көрсетілген шарттарда шетел валютасымен операция жасасады;
  - 2) осы баптың 5 тармағында көрсетілген шарттарда Ұлттық Банкпен шетел валютасымен операция жасасады;
  - 3) Ұлттық Банктің Клиринг орталығына орталық контрагент ретінде Клиринг орталығының Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоты бойынша "овердрафт" кредитін беру арқылы;
  - 4) өз қаражаты есебінен;
  - 5) Клиринг орталығының орындалмаған нетто-міндеттемесін жоғарыда аталған тәсілдердің барлығын реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Клиринг орталығы осы Ережелердің 19 бабына сәйкес бөлу процедурасын жүзеге асырады және олардың атынан іс-қимыл жасай отырып, өзімен, осы баптың 5 тармағында көрсетілген шарттарда бөлу процедурасын жүргізу нәтижелері бойынша анықталған олардың алдында орындалмаған нетто-талаптар сомасына әрбір адал ниетті клирингілік қатысушымен шетел валютасымен операция жасасады.
3. Осы баптың 4 тармағының 5) тармақшасын қоспағанда, жосықсыз клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы нетто-міндеттемелерін орындауды шетел валютасымен операция жасау арқылы ауыстыру Клиринг орталығы мен жосықсыз клирингілік қатысушы арасында осы баптың 4 тармағында көрсетілген шарттарда оның атынан әрекет ете отырып жүзеге асырылады.

Клиринг орталығы позицияны көшіру процедурасы шеңберінде жосықсыз клирингілік қатысушының атынан жасасатын шетел валютасымен операция ашу мәмілесін сату нысанасы болып табылатын қаржы құралын таңдауды Клиринг орталығы өз қалауы бойынша жүзеге асырады.

Клиринг орталығының алдында жосықсыз клиринг қатысушысының орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеу сәтіне дейін нетто-міндеттемелерді төлеуге ақша түскен жағдайда Клиринг орталығы осы тармақтың бірінші абзацында сипатталған іс-әрекеттердің орындалуын жоюға құқылы.

4. Клиринг орталығы адал ниетті клирингілік қатысушылар алдындағы орындамаған міндеттемелерін ауыстыру мақсатында шетел валютасымен операцияны Клиринг орталығы мынадай шарттармен жасайды:
  - 1) Клиринг орталығы алдындағы жосықсыз клирингілік қатысушының қарсы нетто-міндеттемелерін орындамаған күн есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым ерте мерзімі бар шетел валютасымен операция бойынша міндеттемелерді орындау күні болып табылады;
  - 2) шетел валютасымен операция мерзімі – бір күн;
  - 3) есеп айырысуды жүзеге асырудың неғұрлым кеш мерзімі бар шетел валютасымен операция мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындау күні своп мәмілесін ашу күнінен кейінгі есеп айырысу күні болып табылады;
  - 4) шетел валютасымен ашу мәмілесінің көлемі Клиринг орталығы алдындағы жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесінің мөлшеріне тең. Бұл ретте лоттардың жиілігінен туындайтын дөңгелектеу үлкен жағына қарай жүзеге асырылады;
  - 5) шетел валютасымен операция жосықсыз клирингілік қатысушының орындалмаған нетто-міндеттемесі көрсетілген қаржы құралын сатып алу бағытында жүзеге асырылады;
  - 6) шетел валютасымен ашу мәмілесінің бағамы Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес есептелетін своп Priceopen, операциясын ашу мәмілесінің бағасына тең белгіленеді;
  - 7) своп операциясының бағасы позицияны ауыстыру объектісі болып табылатын нетто-міндеттеме құрылған валюта үшін Өдістемеге сәйкес белгіленген SD дефолтын реттеу мөлшерлемесіне тең.
5. Клиринг орталығы жосықсыз клирингілік қатысушылардың атынан, сондай-ақ өзіне қатысты адал ниетті клирингілік қатысушылардың атынан әрекет ете отырып, осы Ережелерге сәйкес мәмілелер жасау үшін қажетті барлық заңды және нақты іс-әрекеттерді арнайы өкілеттісіз (сенімхатсыз), сондай-ақ жосықсыз клирингілік қатысушының және адал ниетті клирингілік қатысушылардың келісімінсіз жүзеге асырады.
6. Жосықсыз клирингілік қатысушы, сондай-ақ адал ниетті клирингілік қатысушылар Клиринг орталығы өздерінің атынан жасаған, осы бапқа сәйкес позицияны ауыстыру үшін жүзеге асырылған барлық мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті.
7. Клиринг орталығы Ережелердің 26 бабына сәйкес белгіленген тұрақсыздық айыбын/айыппұлдарын төлеу үшін валюта нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын қамтамасыз етуді және/немесе кепілдік жарналарын пайдалануға құқылы.

**46 бап.**

**Клирингілік қатысушыны валюта нарығында дәрменсіз деп тану**

1. Клирингілік бөлімше Клиринг орталығы Басқармасының қарауына валюта нарығының клирингілік қатысушысын/жосықсыз клирингілік қатысушысын 17 баптың 1 тармағы 1) тармақшасы негізінде мынадай жағдайларда:
  - 1) ағымдағы клирингілік күннің ALT 10.00 дейін алдыңғы екі клирингілік күн ішінде қатарынан жосықсыз клирингілік қатысушының дефолты туындаған жағдайда;
  - 2) егер margin-call Ережелердің 40 бабының 2 тармағында белгіленген мерзімде ағымдағы клирингілік күннің ALT 15.00 кешіктірмей жойылмаған жағдайда (маржа бойынша дефолт);

- 3) Ережелердің 25 бабының 3 тармағына сәйкес олар орындалуға тиіс күннен кейінгі клирингілік күннің АЛТ 9.30 дейін кепілдік жарна енгізу туралы міндеттеме орындалмаған/толық орындалмаған жағдайда дәрменсіз деп тану туралы мәселені шығарады.
2. Клиринг орталығы Басқармасының клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану туралы шешімі болған жағдайда, Клиринг орталығы Ережелердің 18 бабына сәйкес дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асырады.

## 5 тарау. ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 47 бап. Деривативтер нарығында клирингті жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Клиринг орталығы деривативтер нарығында фьючерс секциясының туынды қаржы құралдарымен Орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырады.
2. Клиринг орталығы валюта және қор туынды қаржы құралдарымен нетто-негізде клирингті жүзеге асырады.
3. Клиринг орталығы деривативтер нарығында клирингілік қатысушылар үшін клирингілік қызметті қамтамасыз етудің және ішінара қамтамасыз етумен жүзеге асырады.
4. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларына мәмілелер жасау және деривативтер нарығының сауда-саттық клирингілік жүйесіндегі позицияларды есепке алу үшін сауда-саттық жүйесін пайдаланушы клиенттерді тіркеу кезінде Биржа ұсынатын талаптарға сәйкес:
  - есеп айырысу кодтары (ЕК) – берілетін өтінімдер мен жасалған мәмілелерді қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға, сондай-ақ осындай мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған меншікті және біріктірілген клиенттік кодтар;
  - біріктірілген сауда-клирингілік шоттар (БФ) – берілетін өтінімдер мен жасалған мәмілелерді, сондай-ақ сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттар тобы бойынша ашық позицияларды қамтамасыз ету туралы ақпаратты есепке алуға арналған меншікті және клиенттік шоттар;
  - сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттар (СКШ) – өтінімдер беруге және мәмілелер жасауға арналған меншікті және клиенттік шоттар;
  - тарату сауда-клирингілік шоттары (СПЕЦБФ) – сәйкес Клиринг орталығы мен адал ниетті клирингілік қатысушылар арасында өтім бермей жасалатын теңгерімдеуші мәмілелер бойынша позицияларды есепке алуға арналған меншікті және клиенттік шоттар.
5. Меншікті және клиенттік есеп айырысу кодтарын және біріктірілген сауда-клирингілік шоттарын, сондай-ақ жою сауда-клирингілік шотын ашу/жабу клирингілік қатысушы мәртебесін берген/айырған жағдайда автоматты түрде жүргізіледі.
  - Қосымша есеп айырысу кодтарын, біріктірілген сауда-клирингілік шоттарын, сондай-ақ сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттарын ашу/жабу Биржаның ережелеріне сәйкес клирингілік қатысушы берген өтініш негізінде жүзеге асырылады.
  - Осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарында көрсетілген шоттарды жабу туынды қаржы құралдары бойынша ашық позициялар, жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған, сондай-ақ осындай шоттар бойынша ескерілетін ақша болмаған жағдайда жүргізіледі.
6. Сауда шектелімі:
  - 1) меншікті және/немесе клиенттік есеп айырысу коды бойынша осындай есеп айырысу кодына байланысты барлық біріктірілген сауда-клирингілік шоттарында ескерілетін ақша сомасы ретінде есептеледі;
  - 2) біріктірілген сауда-клирингілік шоты бойынша осындай біріктірілген сауда-клирингілік шотына сәйкес келетін барлық сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттарында ескерілетін ақша сомасы ретінде есептеледі;
  - 3) сегрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша осындай сауда-клирингілік шотында ескерілетін ақша сомасы ретінде есептеледі.

7. Егер біріктірілген сауда-клирингілік шоты бойынша сауда шектілімі белгіленген жағдайда Клиринг орталығы:  
вариациялық маржаны, комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау (тоқтату) кезінде біріктірілген сауда-клирингілік шоты бойынша сауда шектелімінің мәнін көрсетілген міндеттемелердің шамасына өзгертеді;  
қамтамасыз етуді енгізу және қайтару кезінде біріктірілген сауда-клирингілік шоты бойынша сауда шектелімінің мәнін өзгертпейді.
8. Клиринг орталығы Регламентте белгіленген тәртіппен есеп айырысулар қандай да бір есеп айырысу-клирингілік сессиясында жүзеге асырылатын мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелерді анықтайды.
9. Клиринг орталығы деривативтер нарығына клирингілік қатысушының сауда-клирингілік шоты бойынша нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді анықтау үшін Клиринг орталығы финалдық клирингілік сессияны өткізу барысында тиісті туынды қаржы құралының ерекшелігінде анықталған тәртіппен есептелетін және клирингілік қатысушы жасасқан әрбір мәміле бойынша вариациялық маржа сомасынан құралатын вариациялық маржаны пайдаланады.
10. Клиринг орталығы осы клирингілік қатысушының Клиринг орталығы алдындағы кез келген берешегін (тұрақсыздық айыбын қоса алғанда) төлеу үшін деривативтер нарығының жосықсыз немесе дәрменсіз клирингілік қатысушысының жеке есеп айырысу кодында ескерілетін ақшаны пайдалануға құқылы.

**48 бап.**

**Деривативтер нарығында клирингі жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқаруға бағытталған шаралар тізбесі**

1. Деривативтер нарығында клирингі жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқаруға бағытталған шаралар тізбесі мынадай элементтерден тұрады:
  - 1) Әдістемеге сәйкес анықталған деривативтер нарығының тәуекел-параметрлері:
    - туынды қаржы құралдарының есептік бағалары;
    - туынды қаржы құралдарының бастапқы маржасының мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдары шоғырлануының шектелімдері;
    - туынды қаржы құралдарының шоғырлану мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдарының пайыздық тәуекел мөлшерлемелері;
    - туынды қаржы құралдарының нарықтық және пайыздық тәуекелдерінің шектеу мөлшерлемелері;
    - спредке енгізілген туынды қаржы құралдары үшін спред шамасының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының нарықтық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының пайыздық тәуекелдерін бағалау диапазонының жоғарғы және төменгі шекаралары;
    - туынды қаржы құралдарының баға дәлізінің жоғарғы және төменгі шекаралары;

- 2) деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларын кепілдікпен қамтамасыз ету;
  - 3) ішінара қамтамасыз ете отырып, деривативтер нарығының клирингілік қатысушысының меншікті/клиенттік есептік кодтарында кепілдік қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылау;
  - 4) вариациялық маржа;
  - 5) сауда шектелімі;
  - 6) деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қоры;
  - 7) деривативтер нарығына клирингілік қатысушылардың деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қорына күнделікті негізде кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау;
  - 8) деривативтер нарығының клирингілік сақтық қоры;
  - 9) дефолттарды реттеу жөніндегі процедуралар;
  - 10) Ережелердің 21 бабына сәйкес ішінара қамтамасыз ете отырып, деривативтер нарығының клирингілік қатысушылары алдындағы мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді орындау бойынша Орталық контрагент ретінде Клиринг орталығының жауапкершілігін шектеу.
2. Туынды қаржы құралдарының баға дәлізінің шекараларын белгілеу/өзгерту тәртібі Әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.
  3. Позицияларды ашу шектелімін клирингілік бөлімше деривативтер нарығындағы әрбір клирингілік қатысушы үшін осы қатысушының ағымдағы қаржылық жағдайына байланысты есептейді және оны Комитет бекітеді.

**49 бап. Деривативтер нарығындағы есептеулер. Қамтамасыз етуді енгізу**

1. Клиринг орталығы деривативтер нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу ұйымы болып табылады.
2. Деривативтер нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу деривативтер нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелерін регламенттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Жасалған мәмілелер бойынша өздерінің нетто-міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдер беру және мәмілелер жасау мақсатында деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының ақша енгізуі Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына Валюталармен есеп айырысу ережелерінде белгіленген мерзімде және шарттарда жүзеге асырылады.
4. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген мақсаттар үшін тиісті валютада ақша аудару төлем құжаттарында төлем мақсатын білдіретін арнайы кодтар көрсетіле отырып жүзеге асырылады. Мұндай кодтардың тізімі Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланған.
5. Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне қаржы құралдарын енгізу тәртібіне сәйкес ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету ретінде ескерілетін Қаржы құралдарының тізіміне енгізілген теңге және шетел валютасы деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын кепілдік қамтамасыз етуге қабылданатын қаржы құралы болып табылады.
6. Валюта нарығының клирингілік қатысушыларына оның қамтамасыз ету шоттарында ескерілетін ақшаны қайтару тәртібі мен шарттары Валюталармен есеп айырысу ережелерінде анықталған.

7. Клиринг орталығы деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын кепілдікті қамтамасыз ету есебінде ескерілетін ақшаны есептен шығаруды Клиринг орталығы клирингілік қатысушының өкімі негізінде деривативтер нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелерін регламенттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес мынадай шарттарды орындаған кезде жүзеге асырылады:
- осындай қайтару нәтижесінде шеңберінде қамтамасыз етуді қайтаруға сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шот ашылған біріктірілген сауда-клирингілік шот бойынша есептелген бос ақша шамасы теріс болмайды;
  - осындай қайтару нәтижесінде шеңберінде қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шот ашылған біріктірілген сауда-клирингілік шотқа байланысты есеп айырысу коды бойынша есептелген еркін ақша шамасы теріс болмайды;
  - қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шот ашылған осы біріктірілген сауда-клирингілік шотқа байланысты есеп айырысу коды бойынша есептелетін margin-call жоқ;
  - қайтару сомасы белгілі бір біріктірілген сауда-клирингілік шотына байланысты қамтамасыз ету болып табылатын және барлық сауда-клирингілік шоттарында ескерілетін ақша сомасынан аспайды;
  - қайтару сомасы қамтамасыз ету болып табылатын және оның шеңберінде қамтамасыз етуді қайтаруға арналған сұрау салуда көрсетілген сауда-клирингілік шот ашылған, Ережелердің 21 бабының 7 тармағына сәйкес анықталған кейінге қалдырылған орындалуы бар міндеттемелер мөлшеріне азайтылған біріктірілген сауда-клирингілік шотқа байланысты есеп айырысу коды бойынша ескерілетін ақша сомасынан аспайды.

**50 бап.**

**Клирингілік сессияларды өткізу тәртібі**

1. Регламентте белгіленген мерзімде Клиринг орталығы деривативтер нарығында аралық және соңғы клирингілік сессияларды өткізеді. Әрбір клирингілік сессия үшін клирингілік пул қалыптастырылады, оған осындай клирингілік сессия барысында орындалуға (тоқтатылуға) жататын міндеттемелер енгізіледі. Әрбір клирингілік сессияның клирингілік пулына енгізілген міндеттемелер осы клирингілік сессияның клирингілік пулында тоқтатылады.
2. Аралық клирингілік сессия шеңберінде Клиринг орталығы:
  - 1) әрбір есеп айырысу коды/біріктірілген сауда-клирингілік шоты/сегрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қатысушының нетто-талаптарын/нетто-міндеттемелерін анықтайды;
  - 2) кепілдік қамтамасыз етуді есептейді;
  - 3) сауда шектелімін есептейді.
3. Соңғы клирингілік сессия шеңберінде Клиринг орталығы:
  - 1) Әдістемеге сәйкес тәуекел-параметрлердің жаңа мәндерін анықтайды;
  - 2) осындай қаржы құралдарының ерекшеліктеріне сәйкес ағымдағы орындалу күнімен туынды қаржы құралдарын орындауды жүргізеді;
  - 3) әрбір есеп айырысу коды/біріктірілген сауда-клирингілік шоты/сегрегацияланған сауда-клирингілік шоты бойынша жасалған

- мәмілелер бойынша клирингілік қатысушының нетто-талаптарын/нетто-міндеттемелерін анықтайды;
- 4) клирингілік қатысушылардың есептік кодтары бойынша ақша бойынша қорытынды нетто-міндеттемелерді/қорытынды нетто-талаптарды орындауды жүргізеді;
  - 5) клирингілік қатысушылардың комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауды жүргізеді;
  - 6) Кепілдік қамтамасыз етуді есептейді;
  - 7) Сауда шектелімін есептейді;
  - 8) margin-call белгілейді;
  - 9) "Регламентке" сәйкес есептерді қалыптастырады және клирингілік қатысушыларға жібереді;
  - 10) клирингілік қатысушылар үшін сауда-клирингілік шоттарды ашуды және жабуды жүзеге асырады.
4. Деривативтер нарығындағы есепке алу жүйесінде нетто-міндеттемелерді және нетто-талаптарды көрсету мақсатында күн сайын Регламентке сәйкес Клиринг орталығы әрбір сауда-клирингілік шот/біріктірілген сауда-клирингілік шот/есеп айырысу коды бойынша мәмілелер жиынтығы бойынша нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді мынадай ақпаратты басшылыққа ала отырып көрсетілген шоттарда ескерілетін тиісті туынды қаржы құралының ерекшелігімен анықталған тәртіппен анықтайды:
- әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясында сауда-клирингілік шотында/біріктірілген сауда-клирингілік шотында/есеп айырысу кодында есепке алынатын вариациялық маржаны беру жөніндегі міндеттемелер және алу жөніндегі талаптар туралы;
  - Клиринг орталығының "Кіру жарналары, клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағида" ішкі құжатына сәйкес анықталған комиссиялық және клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелер туралы.
5. Вариациялық маржа туынды қаржы құралымен жасалған әрбір мәміле бойынша осындай қаржы құралының ерекшелігінде анықталған тәртіппен анықталады.
  6. Маманданымдар мен Әдістемеде белгіленген вариациялық маржаны анықтау үшін қажетті деректер болмаған жағдайда, соңғы клирингілік сессия басталған уақытқа дейін Клиринг орталығының Басқармасы туынды қаржы құралдары бойынша вариациялық маржаны анықтауды және орындауды жүзеге асырмау туралы шешім қабылдауға құқылы.
  7. Клирингілік қатысушыда mark-to-market соңғы клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша пайда болған margin-call-ды клирингілік қатысушы келесі клирингілік күннің ALT 13.00 дейін:
    - 1) тиісті есептік кодқа ақша енгізу;
    - 2) қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін жоятын мәмілелер жасасу арқылы жоюы тиіс.
  8. Margin-call соңғы клирингілік сессияның қорытындылары бойынша қалыптасқан есеп айырысу коды бойынша берешегі бар клирингілік қатысушыда пайда болады. Margin-call сомасы көрсетілген берешектің абсолюттік мәніне тең.
  9. Соңғы клирингілік сессияның қорытындылары бойынша клирингілік қатысушыда есеп айырысу коды бойынша пайда болған margin-call осындай шот бойынша қалдық теріс болмаған сәтте тоқтатылды деп есептеледі.



10. Клирингілік қатысушы margin-call-ды осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, мұндай клирингілік қатысушы Ережелердің 53 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес дәрменсіз деп танылады.

**51 бап. Деривативтер нарығында кепілдікті қамтамасыз ету. Кепілдік қамтамасыз етуді есептеу принциптері**

1. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын кепілді қамтамасыз ету: осындай мәмілелер жасауға өтінімдер беру кезінде туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша нетто-міндеттемелерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігін алдын ала бақылау;  
туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша қамтамасыз етудің қажетті жеткіліктілік деңгейін оларды орындау сәтіне дейін ұстап тұру мақсатында пайдаланылады.
2. Кепілдік қамтамасыз етуді есептеу кезінде Клиринг орталығы шоттарды біріктірудің мынадай ережелерін пайдаланады:
  - 1) шоттарды біріктіру ережесін қолдану кезінде – әрбір құрал бойынша "Нетто" позиция сауда-клирингілік шотта ескерілетін позициялардың көлемін қосу жолымен есептеледі;
  - 2) шоттарды біріктіру ережесін қолдану кезінде – "Жартылай нетто" – сауда-клирингілік шоттарда ескерілетін позициялардың төуекелдері есептеледі және барлық түпкілікті сауда-клирингілік шоттар бойынша сатып алуға және сатуға арналған позициялардың екі сомасынан модуль бойынша үлкен позиция анықталады.
3. Клиринг орталығы сауда-клирингілік шоттар бойынша кепілдік қамтамасыз етуді есептеуді шоттарды біріктірудің мынадай ережелеріне сәйкес жүзеге асырады:
  - 1) сегрегацияланған сауда-клирингілік шоттары бойынша – "жартылай нетто";
  - 2) біріктірілген сауда-клирингілік шоттар бойынша – Ережелерге 4 қосымшада белгіленген біріктірілген сауда-клирингілік шоттың параметрлерін анықтау туралы өтінішке сәйкес клирингілік қатысушы таңдаған шоттарды біріктіру ережесіне байланысты "нетто" немесе "жартылай нетто".  
Клирингілік қатысушы біріктірілген сауда-клирингілік шоттың параметрлерін анықтау туралы өтінішті ұсынбаған жағдайда, кепілдік қамтамасыз етуді есептеу мынадай ережелерге сәйкес жүзеге асырылады: шоттарды біріктіру ережесі – "жартылай нетто".  
Кепілдік қамтамасыз етуді есептеу кезінде пайдаланылатын шоттарды біріктіру ережелерін өзгерту клирингілік қатысушыдан параметрлерді таңдау туралы өтініш алынғаннан кейін жақын арадағы клирингілік сессияда жүзеге асырылады;
  - 3) есептік кодтар бойынша – "нетто".
4. Кепілдікті қамтамасыз етуді есептеу алгоритмінің негізін сценарийлік тәсіл құрайды.  
Туынды қаржы құралдарының әрбір тобы үшін сценарийлік тәсіл шеңберінде мынадай топқа кіретін туынды қаржы құралдарының бағаларын анықтайтын параметрлерді өзгерту бойынша сценарийлер жиынтығы қаралады:
  - фьючерстік келісімшарттың бағасы;
  - пайыздық мөлшерлемелер қисығы;
  - фьючерстік келісімшарттың ұйғарынды құбылмалылығы.

Әрбір сценарий жоғарыда көрсетілген параметрлердің белгілі бір өзгерістер жиынын білдіреді.

5. Әрбір сценарий үшін осы сценарий негізінде анықталған бағалар бойынша топты құрайтын туынды қаржы құралдары бойынша барлық позицияларды жабудың қаржылық нәтижесі есептеледі.
6. Бір туынды қаржы құралы үшін есептелген кепілдік қамтамасыз ету мөлшері кепілдік қамтамасыз етудің базалық мөлшері деп аталады.
7. Кепілдікті қамтамасыз етудің базалық мөлшері бір сатып алынған және бір сатылған туынды қаржы құралы үшін есептеледі.
8. Туынды қаржы құралы бағасының өзгеруі бойынша сценарийлер Әдістемеге сәйкес анықталатын деривативтер нарығының қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерімен анықталады және әрқайсысы туынды қаржы құралының бағасын білдіретін бір-бірінен тең алшақталған нүктелердің (сценарийлердің) жиынтығы болып табылады.
9. Қамтамасыз етуге қабылданатын шетел валютасы Комитет белгілеген қамтамасыз етуде ескерілетін шетел валютасының үлесін анықтайтын шектеу коэффициентін ескере отырып, Әдістемеге сәйкес анықталатын орталық бағам бойынша қайта есептеледі.

#### **52 бап.**

#### **Клирингілік қатысушыны деривативтер нарығында жосықсыз деп тану**

1. Егер деривативтер нарығының мұндай клирингілік қатысушысы Ережелердің 25 бабының 3 тармағында белгіленген мерзімде кепілдік жарнаны қалпына келтіру жөніндегі талапты ішінара қамтамасыз етумен орындамаған жағдайда Клиринг орталығы деривативтер нарығының клирингілік қатысушысын жосықсыз деп таниды (кепілдік жарна бойынша дефолт).
2. Деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы жосықсыз деп танылған кезде Клиринг орталығы Ережелердің 16 бабында анықталған жалпы іс-әрекеттерді, сондай-ақ осы бапта белгіленген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.
3. Егер жосықсыз клирингілік қатысушы осы Ережелердің 25 бабының 3 тармағына сәйкес кепілдік жарнаны толықтыру туралы талап бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда, клирингілік бөлімше кепілдік жарна бойынша дефолт күнінен кейінгі күннің ALT 10.00 дейінгі мерзімде Клиринг орталығы Басқармасының шешімі бойынша Клиринг орталығының "Клирингілік қатысушылар туралы қағида" ішкі құжатына сәйкес Биржаға клирингілік қатысушыны – Биржаға мүшені барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы ұсынымды және/немесе клирингілік қызмет көрсетуді тоқтата тұру туралы мәселені және/немесе жосықсыз клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану туралы мәселені жібереді.

#### **53 бап.**

#### **Клирингілік қатысушыны деривативтер нарығында дәрменсіз деп тану**

1. Клирингілік бөлімше Клиринг орталығы Басқармасының қарауына клирингілік қатысушыны/деривативтер нарығының жосықсыз клирингілік қатысушысын Ережелердің 17 бабы 1 тармағының 1) тармақшасы негізінде дәрменсіз деп тану туралы мәселені мынадай жағдайларда:
  - 1) егер margin-call Ережелердің 50 бабының 7 тармағында белгіленген мерзімде ағымдағы клирингілік күннің ALT 14.00 кешіктірмей жойылмаған жағдайда (маржа бойынша дефолт);
  - 2) кепілдік жарнаны толықтыру жөніндегі талап олар орындалуға тиіс күннен кейінгі клирингілік күннің 9.30-ына дейін орындалмаған/толық орындалмаған жағдайда шығарады.

2. Клиринг орталығы Басқармасының клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану туралы шешімі болған жағдайда, Клиринг орталығы Ережелердің 18 бабына сәйкес дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асырады.

## 6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

### 54 бап. Клиринг орталығының жауапкершілігі

1. Клиринг орталығы өзіне ОК функцияларын қабылдай отырып, басқа клирингілік қатысушылардың Ережелердің 21 бабында және осы баптың 2–4 тармақтарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелерін орындауына қарамастан, әрбір адал ниетті клирингілік қатысушы алдында жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді.
2. Клиринг орталығы ОК функцияларын орындамайтын клирингілік ұйым ретінде ОК-сыз мәмілелерді орындамағаны үшін, сондай-ақ қандай да бір клирингілік қатысушының ОК-сыз мәмілелер бойынша дефолт нәтижесінде келтірілген залалдар немесе шығындар үшін жауапты болмайды.
3. Клиринг орталығы өзі қабылдаған бақылау шеңберінен тыс туындаған, сондай-ақ мынадай жағдайлар немесе оқиғалар:
  - 1) еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажор жағдайларына) немесе Клиринг орталығының жауапкершілігін бақылау аймағынан тыс басқа да уақиғаларға байланысты жаңылыстың;
  - 2) клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шартқа және осы Ережелерге сәйкес клирингілік қатысушы өз міндеттемелерін жосықсыз орындаған;
  - 3) техникалық проблемалар, бағдарламалық-техникалық кешендердің ішінара немесе толық операциялық тұрақсыздығы, сауда, клирингілік және есеп айырысу процедураларын жүзеге асыру кезінде енгізу-шығару процедураларының қателері, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынылған қамтамасыз етуді иелік ету, басқару қателері.

Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген нормалар, егер туындаған залалдар немесе шығындар Клиринг орталығының әдейі іс-әрекетінің немесе жол берілмейтін абайсыздығының нәтижесі болып табылса немесе олар Клиринг орталығының ішкі құжаттарының ережелерін тікелей бұзу болып табылса, қолданылмайды;
  - 4) Клиринг орталығының клирингілік қатысушының атынан дефолтты реттеу жөніндегі позициялар мен процедураларды, оның ішінде Ережелерге сәйкес мәжбүрлеп жою процедураларын ауыстыру жөніндегі процедураларды жүзеге асыруы;
  - 5) Клиринг орталығының Ережелердің 17 бабына сәйкес мәмілелерді жарамсыз деп тануды жүзеге асыруы нәтижесінде қандай да бір залалдар немесе шығындар үшін жауапты болмайды.
4. Клиринг орталығы дәрменсіз клирингілік қатысушыларды қоса алғанда, клирингілік қатысушылардан осы баптың 3 тармағында көрсетілген залалдар немесе шығындар бөлігінде шағымдарды қабылдамайды.
5. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор жағдайлары, яғни табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, іс-қимылдар мен шешімдер, (уәкілетті) реттеуші органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері, оның ішінде карантин жариялау және клирингілік қатысушы

болжай алмаған және клирингілік қатысушының өз міндеттерін тиісінше орындауына тікелей әсер еткен басқа да осындай мән-жайлар) немесе қаржы нарығы ұйымдарының қызметін тоқтата тұруға байланысты, оның ішінде Биржасы және/немесе Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы орналасқан елді мекендерде төтенше жағдай енгізілуіне немесе төтенше жағдай туындауына байланысты өзге де уақиғалар туындаған жағдайда, Клиринг орталығының Басқармасы осындай уақиғалар ОК-мен және ОК-сыз тәртіптерде туындағанға дейін жасалған мәмілелерді орындау мерзімдерін еңсерілмейтін күш жағдайлары қолданылған уақытқа шамалас ауыстыру жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

**55 бап. Клирингілік қатысушыларға және Ұлттық Банкке есептілікті ұсыну тәртібі**

1. Клирингілік сессиялардың қорытындылары бойынша Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы клирингілік есептерді жібереді.
2. Клирингілік қатысушыларға ұсынылатын клирингілік есептер мынадай ақпаратты қамтуы мүмкін:
  - 1) әрбір клирингілік (сауда-клирингілік) шот бойынша нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер туралы;
  - 2) нетто-негізде клирингке кірген мәмілелер туралы;
  - 3) кепілдік жарнаның жеткіліктілігі туралы;
  - 4) Ережелерде және/немесе Регламентте анықталған биржалық нарықтардың ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылатын өзге де ақпарат.

3. Клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есептерді алғаннан кейін клирингілік қатысушылар есептерде көрсетілген ақпаратты дербес салыстырады және аталған ақпаратқа ескертулер болған кезде Клиринг орталығына осындай ескертулерді жібереді.
4. Клирингілік қатысушылардың ескертулерімен келіскен жағдайда Клиринг орталығы клирингілік сессияның нәтижелері бойынша клирингілік есептерде анықталған сәйкессіздіктерді тиісті түрде жояды және клирингілік қатысушыларға түзетілген клирингілік есептерді жібереді.

Бұл ретте клирингілік сессияның нәтижелері бойынша есепті қалыптастырудың неғұрлым кеш күні мен уақыты бар клирингілік есеп дұрыс есеп болып есептеледі.

5. Клиринг орталығы Ұлттық Банкке:
  - 1) күнделікті негізде – клирингілік қатысушылардың нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері туралы жиынтық есеп;
  - 2) ай сайынғы негізде:

Клиринг орталығының клирингілік қатысушылары туралы есеп;

Клиринг орталығы клирингілік қызмет көрсетуге қабылдаған қаржы құралдары туралы есеп;

мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін жосықсыз орындайтын клирингілік қатысушылар туралы есеп тапсырады.
6. Осы баптың 1-5 тармақтарында көрсетілген есептерді беру шарттары мен тәртібі, сондай-ақ нысандары осы Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде анықталған.

**56 бап. Ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау тәртібі**

1. Күн сайын клирингілік жүйеге сауда-саттық жүйесінен қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат түседі.
2. Сауда-саттық жүйесінен алынған жасалған мәмілелер туралы барлық ақпарат клирингілік жүйеде сақталуға және күнделікті сақтық көшірілуге жатады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген ақпараттың сақтық көшірмелері рұқсатсыз қол жеткізуден қорғаумен қамтамасыз етіледі және олар жаңартылған сақтық көшірмелермен ауыстырылғанға дейін Клиринг орталығының сақтық техникалық орталығында сақталады.

**57 бап. Клирингілік қызметті жүзеге асыру кезінде алынған ақпаратқа билік ету тәртібі**

1. Клиринг орталығының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруы кезінде алынған ақпарат инсайдерлік ақпаратқа жатады.
2. Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылауды жүзеге асыру тәртібі Клиринг орталығының "Инсайдерлік ақпаратты ішкі пайдалану ережелері" ішкі құжатында анықталған.

**58 бап. Клирингілік алымдар**

1. Клиринг орталығы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік жүзеге асырғаны үшін клирингілік алымдар алады.
2. Клирингілік алымдардың мөлшерлемелері, сондай-ақ клирингілік қатысушылардың оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері Клиринг орталығының "Кіру жарналары, клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағида" ішкі құжатында белгіленген.
3. Ережелердің 19 бабының 3-1 тармағында анықталған жағдайларда орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерді реттеу мақсатында Клиринг орталығы жасаған мәмілелер бойынша клирингілік алымдар Клиринг орталығы Басқармасының шешімі бойынша жойылуы мүмкін.

**59 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Ережелерге өзгертулер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне клирингілік бөлімше жауапты болады.
2. Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.

Басқарма Төрағасы

И.М. Сабитов

Қаржы құралдарымен  
мәмілелер бойынша  
клирингілік қызметті жүзеге  
асыру ережелеріне

**1 қосымша**

[фирмалық бланкіде, өтініштің шығыс нөмірі мен күні көрсетілген]

"KASE клиринг  
орталығы" АҚ

**Клирингілік қатысушының клирингілік шотына қатысты сауда-саттыққа  
уәкілетті қатысушыны тағайындау туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

Осымен [клирингілік қатысушының толық атауы] (бұдан әрі – клирингілік қатысушы) "KASE клиринг орталығы" АҚ-нан төменде көрсетілген тізімге сәйкес клирингілік қатысушының клирингілік клиенттік кастодиандық шоттарына (бұдан әрі – клирингілік шоттар) қатысты Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыларды тағайындауды сұрайды және оларды 2-деңгейдегі СКШ жасалатын мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді қамтамасыз ету және орындау үшін тиісті клирингілік шоттарды пайдалана отырып, клирингілік қатысушы клиенттерінің мүддесі үшін мәмілелер жасасу үшін ашылған Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушының 2-деңгейдегі сауда-клирингілік шоттарына байланыстыруды сұрайды.

Клирингілік қатысушы

(ұйымның толық атауы)

- Бұрын берілгенге қосымша
- Бұрын берілгеннің орнына

Сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы	Клирингілік қатысушының клирингілік шотының нөмірі

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Тегі, аты-жөні]

Қаржы құралдарымен  
мәмілелер бойынша  
клирингілік қызметті жүзеге  
асыру ережелеріне

**2 қосымша**

## Кепілдік жарнаны қайтару туралы

### ӨТІНІШ

"KASE клиринг орталығы" АҚ

(клирингілік қатысушының атауы)	Өтініш берілген күн
	Өтінішті беру уақыты

Осымен жоғарыда аталған клирингілік қатысушы Клиринг орталығынан клирингілік кепілдік қорына бұрын есепке алынған кепілдік жарнаны мынадай деректемелерге қайтаруды сұрайды:

Клирингілік кепілдік қорына кепілдік жарна <small>(Қажетті нұсқаны ✓ таңбасымен белгілеңіз)</small>	Қайтарылатын валюта сомасы <small>(цифрмен және жазбаша)</small>	Банк деректемелері
<input type="checkbox"/> деривативтер нарығы		
<input type="checkbox"/> қор нарығы		
<input type="checkbox"/> валюта нарығы		

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[Тегі, аты-жөні]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолы]

[Тегі, аты-жөні]

Қаржы құралдарымен  
мәмілелер бойынша  
клирингілік қызметті жүзеге  
асыру ережелеріне

**3 қосымша**

**Қор нарығындағы клиенттік клирингілік шотқа қатысты  
ерікті провайдер белгісін беруге**

**Ө Т І Н І Ш**

Осымен "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) клирингілік қатысушыға **[мемлекеттік тіркеу (соңғы мемлекеттік қайта тіркеу) туралы анықтамаға (өзге құжатқа) сәйкес клирингілік қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі – Клирингілік қатысушы) KASE Клиринг орталығының қор нарығында орталық контрагенттің функцияларын – KASE Клиринг орталығының "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген SD дефолттың реттеу мөлшерлемесі бойынша Сату/Сатып алу бағытымен 1 күн мерзімге репо мәмілелерін орындауы кезінде KASE Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерін" ішкі құжатына сәйкес позицияларды ауыстыру мәмілелерін пайдалана отырып жасау үшін төменде көрсетілген тізімдегі клиенттік сауда-клирингілік шоттарына қатысты ерікті провайдер белгісін беруді сұраймыз.

Осымен:

- Клиринг орталығы Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері", "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" ішкі құжаттарына және Клиринг орталығының клирингілік қызметіне және орталық контрагенттің функцияларын орындауға қатысты өзге де ішкі құжаттарға сәйкес жүргізетін қор нарығының жосықсыз клирингілік қатысушыларының дефолттарын реттеу мақсатында көшіру мәмілелерін жасасу шарттарымен танысқанымыз туралы;
- Клиринг орталығының клирингілік қызметке және орталық контрагенттің функцияларын орындауға қатысты жоғарыда көрсетілген және өзге де ішкі құжаттарында белгіленген барлық шарттар мен талаптармен сөзсіз келісетініміз туралы;
- төменде көрсетілген клиенттік сауда-клирингілік шоттарына қатысты алынған клиенттердің құжатпен расталған нұсқауларының бар екені туралы мәлімдейміз.

**Позицияны ауыстыру бойынша мәмілелер жасауға пайдалану үшін клиенттік сауда-клирингілік шоттардың тізімі [кестені толтыру]**

№	Клирингілік қатысушының клиенттік сауда-клирингілік шотының нөмірі
1.	
2.	
3.	
...	

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]



Қаржы құралдарымен  
мәмілелер бойынша  
клирингілік қызметті жүзеге  
асыру ережелеріне

**4 қосымша**

**Біріктірілген сауда-клирингілік шотының параметрлерін анықтау туралы  
ӨТІНІШ**

Осымен [клирингілік қатысушының толық атауы] (бұдан әрі – клирингілік қатысушы) "KASE клиринг орталығы" АҚ мынадай параметрлерді мынадай біріктірілген сауда-клирингілік шоттарға белгілеуді сұрайды:

<b>Біріктірілген сауда-клирингілік шотының коды</b>	<b>Кепілдік қамтамасыз етуді есептеу кезінде шоттарды біріктіру ережесінің түрі<sup>3</sup></b>
XXYY000	

---

<sup>3</sup> Белгіленетін ереже: 1 – Жартылай неттинг, 2 – Неттинг.

Қаржы құралдарымен  
мәмілелер бойынша  
клирингілік қызметті жүзеге  
асыру ережелеріне

**5 қосымша**

**Мүліктік пул туралы  
КЕЛІСІМ-ШАРТ(бұдан әрі – Келісім-шарт)  
Д О Г О В О Р  
об имущественном пуле (далее – Договор)**

<p>Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады және "KASE клиринг орталығы" АҚ Пулға қатысушыларға клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, қызмет көрсету және өтеу жөніндегі қызмет көрсетудің стандартты талаптарын анықтайды.</p>	<p>Договор является договором присоединения, и определяет стандартные условия оказания АО "Клиринговый центр KASE" услуг Участникам пула по выпуску, обслуживанию и погашению клиринговых сертификатов участия.</p>
<p><b>1. Терминдер мен анықтамалар</b> <b>Клиринг орталығы</b> – "KASE клиринг орталығы" АҚ;</p> <p><b>Мүліктік пулдың сауда-клирингілік шотын ашу/жабу туралы өтініш</b> – Пул қатысушысының Келісім-келісім-шартқа қосылу және Пул қатысушысы толтырған мүліктік пулдың сауда-клирингілік шотын ашу туралы Клиринг орталығы нысаны бойынша жазбаша өтініші;</p> <p><b>Мүліктік пул</b> – Клиринг орталығы Клиринг ережелеріне сәйкес қалыптастырған клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін клирингілік қатысушылар енгізетін бағалы қағаздар мен ақшаның, оның ішінде шетел валютасындағы оқшауланған жиынтығы;</p> <p><b>Пулға қатысушы</b> – Клиринг орталығы берген және қабылдаған Клиринг ережелерінде көзделген тәртіппен Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш негізінде Келісім-шартқа қосылған Клирингілік қатысушы;</p> <p><b>Клиринг ережелері</b> – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері» ішкі құжаты;</p> <p><b>Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш</b> – Мүліктік пулдың сауда-клирингілік шотын ашу туралы өтініш;</p> <p><b>Тараптар</b> - Клиринг орталығы және Келісім-шартқа қосылған Пулға қатысушы.</p>	<p><b>1. Термины и определения</b> <b>Клиринговый центр</b> – АО "Клиринговый центр KASE";</p> <p><b>Заявление об открытии/закрытии торгового-клирингового счета имущественного пула</b> – письменное заявление Участника пула по форме Клирингового центра о присоединении к Договору и открытии торгового-клирингового счета имущественного пула, заполненное Участником пула;</p> <p><b>Имущественный пул</b> – сформированная Клиринговым центром в соответствии с Правилами клиринга обособленная совокупность ценных бумаг и денег, в том числе в иностранной валюте, вносимых клиринговыми участниками для обеспечения выпуска клиринговых сертификатов участия;</p> <p><b>Участник пула</b> – Клиринговый участник, присоединившийся к Договору на основании поданного и принятого Клиринговым центром Заявления о присоединении к Договору в порядке, предусмотренном Правилами клиринга;</p> <p><b>Правила клиринга</b> – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами";</p> <p><b>Заявление о присоединении к Договору</b> – Заявление об открытии торгового-клирингового счета имущественного пула;</p> <p><b>Стороны</b> – Клиринговый центр и Участник</p>

<p>Келісім-шартта қамтылған ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында: Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастырылған Клиринг орталығының Клиринг ережелерінде, Клирингілік қатысушылары туралы қағидада және Клиринг орталығының клирингілік қызметті реттейтін Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген мәндерде пайдаланылады.</p>	<p>пула, присоединившийся к Договору.</p> <p>Понятия и термины, содержащиеся в Договоре, используются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Клирингового центра: Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках и иными внутренними документами Клирингового центра, регулирующими клиринговую деятельность Клирингового центра, размещенными на интернет-ресурсе Клирингового центра.</p>
<p><b>2. Жалпы ережелер</b></p> <p>a. Келісім-шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының ережелеріне сәйкес Тараптар жасасатын қосылу келісім-шарты болып табылады, оның талаптарын Пулға қатысушы тұтастай Келісім-шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.</p> <p>b. Пулға қатысушының Келісім-шартқа қосылуы оны Клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p> <p>c. Келісім-шарт Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланды</p> <p>d. Келісім-шартқа сәйкес Пулға қатысушысы тапсырма береді, ал Клиринг орталығы Пулға қатысушы және (немесе) ол уәкілеттік берген Сауда-саттыққа қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде (бұдан әрі – Клиринг ережелері), Клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - КҚС нұсқаулығы) және Клиринг орталығының клирингілік қызметіне қатысты Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда Клиринг орталығының сауда-саттық жүйесінде жасайтын клирингілік қатысу сертификаттары бар репо мәмілелеріне қатысты клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды клирингілік қызмет көрсетуді жүзеге асырады.</p> <p>e. Келісім-шартты жасасу/бұзу талаптары Клиринг ережелерінде, КҚС нұсқаулығында және Клиринг орталығының клирингілік қызметті жататын Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында анықталған.</p> <p>f. Клиринг орталығымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі осындай мәмілелердің үлгі шарттарын бекіткен жағдайларды қоспағанда, Клиринг</p>	<p><b>2. Общие положения</b></p> <p>a. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Участником пула не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>b. Присоединение Участника пула к Договору не освобождает его от исполнения обязательств по Договору о клиринговом обслуживании.</p> <p>c. Договор опубликован на интернет-ресурсе Клирингового центра</p> <p>d. В соответствии с Договором Участник пула поручает, а Клиринговый центр обязуется осуществлять выпуск клиринговых сертификатов участия, клиринговое обслуживание в отношении сделок репо с клиринговыми сертификатами участия, заключаемых Участником пула и (или) уполномоченным им Участником торгов в торговой системе Клирингового центра, в порядке и на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан, Правилами осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами (далее – Правила клиринга), Инструкцией по выпуску, размещению, обращению и погашению клиринговых сертификатов участия (далее – Инструкция КСУ) и иными внутренними документами Клирингового центра, относящимися к клиринговой деятельности Клирингового центра.</p> <p>e. Условия заключения/расторжения Договора определены Правилами клиринга, Инструкцией КСУ и иными внутренними документами Клирингового центра, относящимися к клиринговой деятельности Клирингового центра.</p> <p>f. Сделка с лицом, связанным с Клиринговым центром особыми отношениями, может быть осуществлена только по решению Совета директоров</p>

<p>орталығының Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.</p>	<p>Клирингового центра, за исключением случаев, когда типовые условия таких сделок утверждены Советом директоров Клирингового центра.</p>
<p><b>3. Келісім-шартқа қосылу талаптары</b></p> <p>а. Клирингілік қатысушы Мүліктік пулдың сауда-клирингілік шотын ашу туралы өтінішке қол қою және оны Клиринг орталығының қабылдауы арқылы Келісім-шартқа қосылады.</p> <p>б. Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Пулға қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Келісім-шартты алғанын, оқығанын, түсінгенін және стандартты талаптарының ережелерімен толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықсыз келіскенін және Келісім-шарттың барлық қағидаларын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін;</li> <li>- Келісім-шарт ережелерін орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне қабылдайтынын;</li> <li>- Пулға қатысушы Клиринг орталығының Келісім-шартта көзделген қызметтерді жүзеге асыруының барлық талаптарымен және тәртібімен келісетінін;</li> <li>- Келісім-шарттың барлық қағидалары Пулға қатысушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін;</li> <li>- Егер Клиринг орталығында Келісім-шартқа қосылу туралы өтініштің данасы болса, Пулға қатысушының Келісім-шартта оның қолының жоқтығына, Келісім-шартты оқымағандығының/түсінбегендігінің/қабылда мауының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы екенін растайды және келіседі.</li> </ul>	<p><b>3. Условия присоединения к Договору</b></p> <p>а. Клиринговый участник присоединяется к Договору путем подписания Заявления об открытии торгового-клирингового счета имущественного пула и принятия его Клиринговым центром.</p> <p>б. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Участник пула подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- получил, прочитал, понял и согласился с положениями стандартных условий Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора;</li> <li>- принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений Договора;</li> <li>- Участник пула соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Клиринговым центром услуг, предусмотренных Договором;</li> <li>- все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Участника пула;</li> <li>- Участник пула не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Клирингового центра имеется экземпляр Заявления о присоединении к Договору.</li> </ul>
<p><b>4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері</b></p>	<p><b>4. Права и обязанности Сторон</b></p>
